

ПАРЛАМЕНТ ТАРАМАЙ ҚАЛДЫ...

Сарқылмасын Сыр - Ана!



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

WWW.Qaa.kz

qaa.kz

Ақмешіт Ақшамы Газеті



Жолдауды асыға күткен көп жұрт әр міндет айтылған сайын әні айтады, міне айтады деп, аяғына дейін тағатсыздана күткенімен, Парламентті таратуға Президент асықпады.

- “Елімізде парламенттік реформа мәселесі кемінде жиырма жылдан астам уақыт бойы айтылып келеді. Осы мәселе ашық та, жабық та талқыланып жүргені ешкімге құпия емес. Бұл тақырып өлі күнге дейін өзекті болып отыр. Сондықтан мемлекеттік жүйе дамып, азаматтарымыздың саяси мәдениеті өсіп келе жатқанын ескере отырып, бұл мәселені халықтың талқысына салу айрықша маңызды деп санаймын.

Сенат 1995 жылы өлімізде күрделі әрі тұрақсыз саяси жағдай болып тұрған сәтте Парламенттің жоғары палатасы ретінде құрылды. Ол кезде мемлекеттігіміздің негізі енді ғана қалыптаса бастаған аса қиын жолдың басында тұрған едік. Сенатқа мемлекет құру ісіндегі тұрақтылықты қамтамасыз ету тарихи міндеті жүктелді. Өткен 30 жылда Сенат өзінің осы аса маңызды тарихи миссиясын абыроймен, тиімді атқарып шықты. Жоғары палата заң шығару үдерісінің, басқа да негізгі реформалардың айрықша маңызды тетігі әрі кепілі болып келеді.

Баршаңызға мәлім, мен Сенатқа он жыл басшылық еттім. Бұл жұмысты қашанда зор мәртебе әрі үлкен жауапкершілік деп санадым. Сондықтан маған осы мінберден парламенттік реформа туралы айту оңай емес. Соған қарамастан мен дәл бүгін елімізде көп ұзамай бір палаталы Парламент құру туралы бастама көтергім келеді. Бірден айтайын, бұл – өте маңызды мәселе. Оны асығыс жүзеге асыруға болмайды. Бұл реформа азаматтық секторда, сарапшылар ортасында, сондай-ақ, өрине, қазіргі Парламентте жан-жақты талқылануы қажет.

Реформаның мән-маңызы айрықша екенін ескерсек, оны талқылауға бір жыл уақыт керек деп ойлаймын. Содан кейін, яғни, 2027 жылы жалпыұлттық референдум өткізуге болар еді. Содан соң Конституцияға тиісті өзгеріс енгізе аламыз.

Мен мемлекеттің тағдырын айқындайтын барлық мәселе халықтың келісімімен ғана шешіледі деп бұған дейін бірнеше рет айттым. Егер бір палаталы Парламент құру қажет деген ортақ шешімге келсек, ондай Парламентті тек қана партиялық тізім бойынша сайлаған жөн деп санаймын. Бұл – өлемде кеңінен тараған парламенттік рәсім. Осылайша, Мәжілістің қазіргі құрамы барлық заңдық рәсімдер аяқталғанша өз ісімен айналыса береді. Сенат жалпыұлттық референдумның қорытындысы шығып, жаңа Парламент сайлауы өткенге дейін алаңсыз жұмыс істейді. Ал саяси партиялардың бәсекелі тартысқа дайындалуына уақыты болады. Депутаттарымыз нағыз мемлекетшіл азамат ретінде бұл мәселеге зор жауапкершілікпен әрі түсіністікпен қарайды деп ойлаймын” – деп, Парламенттің таратылуын 1 жылға кейінге қалдырды. Әрі Тоқаев өзінің бұл қадамын - “Өрине, заңды сұрақ туындауы мүмкін: Президент Парламенттік реформа жасау қажеттігі туралы неге соншалықты ерте жариялап жатыр, әйтпесе, саяси технологияның қағидасына сәйкес мұндай шаралар тосыннан, күтпеген жерден жасалады емес пе?

Бірақ мен осыған дейін де айттым, тағы да қайталап айтамын: мен еліміздің және халқымыздың тағдырына қатысты қандай да бір мәселеге келгенде тек қана ашық саясат жүргізу керек деп санаймын, мұндай ауқымды реформаны қоғамнан құпия ұстауға болмайды деп есептеймін.

Осындай тағдырлы мәселелер бойынша халықпен ашық сұхбат жүргізу қажет деп сенемін. Сонда ғана беріміз бір ел болып, Әділетті және Қуатты Қазақстанды құру жолында тағы бір маңызды қадам жасаймыз” - деп түсіндірді.

Еліміздің тәуелсіздігінің алғашқы жылдары бір палаталы Жоғарғы болып, Әділетті және Қуатты Қазақстанды құру жолында тағы бір маңызды қадам жасаймыз” - деп түсіндірді.

1995 жылы жаңа Конституция қабылданғаннан кейін Сенат пен Мәжілістен құралған екі палаталы Парламент құрылды. Сенатты конституциялық заңда белгіленген тәртіппен әр облыстан, республикалық маңызы бар қаладан және Қазақстан Республикасының астанасынан екі адамнан өкілдік ететін депутаттардан құрайды. Сенаттың 10 депутатын, оның ішінде 5-ін Қазақстан халқы Ассамблеясының ұсынысы бойынша Республика Президенті тағайындайды. Қазір Сенатта 50 депутат бар. Сенат депутаттары 6 жылға сайланады.

Мәжіліс 98 депутаттан тұрады: 69 депутат біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша саяси партиялардан партиялық тізімдер бойынша, 29 депутат бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы 5 жылға сайланады.

Ресми деректер бойынша өлемде 188 Парламент болса, соның 107-сі бір палаталы екен. Мәселен Данияда Фолькетинг, Швецияда Риксдаг, Финляндияда Эдускунта, Грекияда Халық жиналысы, Португалияда Республика ассамблеясы, Түркияда Ұлы Ұлттық Мәжілісі, Сингапурде Парламент, Қытайда Бүкілқытай халық өкілдері жиналысы, сондай-ақ Израильде Кнессет, Грузия Парламенті, Қырғыз Республикасында Жогорку Кеңеші аталатын бір ғана заң шығарушы палаталар бар.

Қытай Бүкілхалықтық халық өкілдері жиналысында 3000 депутат бар болғандықтан, депутаттардың көптігі жағынан басқалардан басым. 16 депутаттан тұратын Парламент те бар...

ЖЫЛУ ОРТАЛЫҒЫ 80% ДАЙЫН

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес оңтүстік өңірлерде электр энергиясының тапшылығын болдырмау мақсатында Қызылорда қаласында жаңа жылу-электр орталығы құрылысы қарқынды жүргізілуде. Жалпы құны 215 млрд.теңге, инвестор «Акса Energy» түрік компаниясы құрылысқа 147 млрд.теңгеден астам инвестиция салды.

Негізгі қондырғылар шет елден алынған. Қуатылығы 180 мегаваттық 2 газ турбиналық қондырғы, 95 мегаваттық бу турбинысы, 2 бу, 4 жылу қазандығын қою жоспарланған. Жергілікті өндірушілердің материалдары да пайдаланылуда.

Қазір негізгі қондырғылар толық жеткізіліп орнатылуда. Бүгінде жұмыстың 80 пайызға жуығы бітті.

Бұдан бөлек, бюджет есебінен 15 млрд. теңгеге орталыққа дейін 45 шақырым газ құбыры мен автоматтандырылған газ тарату станциясы салынды.

Құрылыс алаңында негізгі бөлігі жергілікті тұрғындардан құралған 1200-ден астам жұмысшы және 130 арнайы техника бар.

Станцияны алдағы IV тоқсанда іске қосу жоспарланған. Бірінші кезекте 1 газотурбиналық қондырғы, 2 жылу қазандығы, келесі жылы қалған қондырғылар қосылады.

Жаңа станция облыстың электр энергиясына деген қажеттілігін толығымен қамтамасыз етеді.

Р.С. Аймақ басшысы Н.Нәлібаев осы жаңа жылу-электр орталығының құрылыс жұмыстарымен танысты.

Үкімет басшысы Олжас БЕКТЕНОВ:

«БАРЛЫҚ КҮМӘНДІ ЖӘНЕ ТИІМСІЗ ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМДЕР МЕН ЖӘРДЕМАҚЫЛАРДЫ АЛЫП ТАСТАУ КЕРЕК»

Ресми ақпарат: Үкімет басшысы Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылғы 8 қыркүйектегі «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауын жүзеге асыру шаралары қаралды. Жолдауда Мемлекет басшысы әлеуметтік қолдау саласын реформалау қажеттігіне ерекше назар аударды.

Премьер-министр аталған жұмыс шеңберінде Еңбек министрлігі мүдделі мемлекеттік органдармен және өкімдіктермен бірлесіп, осы жылдың 1 желтоқсанына дейін әлеуметтік қолдау шараларының барлық өңірлерге арналған бірыңғай стандартын әзірлеуді тапсырды.

- **«Барлық күмәнді және тиімсіз әлеуметтік төлемдер мен жәрдем-ақыларды алып тастау керек. Біз әлеуметтік әділеттілікті сақтап, масылдық пиғылды азайту үшін шаралар қабылдайтын боламыз. Үкіметтің міндеті – барлығына**

бірдей жағдай жасау, ал азаматтар жұмыс істеп, өзін және өз отбасын асырауға ұмтылуы керек», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Ол үшін цифрландыруды және жасанды интеллект технологияларын терең енгізу арқылы экономиканың барлық салаларындағы мемлекеттік қызметтерді бақылау мен мониторинг жүргізудің түбегейлі жаңа әдістері жасалуы тиіс екенін айтты.

Осыған байланысты Премьер-министр тиісті мемлекеттік органдар мен өкімдіктерге тапсырма берді.

“БІР ДӘН МЫҢ ДӘН БОЛАТЫН ШАҚ”

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітовтің қатысуымен Жалағаш ауданының Т.Жүргенов ауылында «Дала күні – 2025» күрішке алғашқы орақ салу рәсімі өтті.

Облыс әкімі еңбеккерлерді егінге орақ түсуімен құттықтап, атқарылған жұмыстарды атап өтті.

— «Бұл – диқандардың еккен бір дәні мыңдән болатын, халықтың ризық- несібесін қамбасына құятын жауапты да салтанатты шағы. Биыл облыс бойынша 189 600 гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары егіліп, оның ішінде күріш көлемі 80 900 гектар болды. Соңғы жылдардағы су тапшылығының кері әсерін Сыр диқандары қатты сезініп келеді. Осы жылы вегетациялық кезең өте күрделі жағдайда өтті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы мен Үкімет басшысы Олжас Абайұлының, Үкімет мүшелерінің бастамасымен Сырдария өзенінің жоғарғы ағысындағы мемлекеттермен дер кезінде келіссөздер жүргізіп, үлкен қолдау жасалды. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Үкімет резервінен 53 жылжымалы-дизельді насос алуға 1 млрд. теңге бөлініп, насостардың алғашқы легі жеткізіліп, шаруалар игілігіне пайдаланды.

Төтенше жағдайлар министрлігі еліміздің барлық өңірінен 139 қызметкерден құралған жеке құрамды, 25 дизельді қондырғыны көмекке жеткізіп, екі ай бойы су тапшылығы қалыптасқан аумақтарда уақытпен санаспай жұмыс атқарды.

Аймағымызда арнайы жұмыс топтары құрылып, суды тиімді пайдалану мақсатында егістікті кезектесіп суару мен қашыртықдағы суды екінші рет пайдалануды жолға қойдық. Осындай қиындықтарға қарамастан, күріш көлемін барынша шығынсыз сақтауға қол жеткіздік. Дер кезінде қабылданған батыл шешімдер мен жүргізілген келіссөздердің арқасында егіс алқаптары сумен қамтамасыз етілді.

Құрметті егінші қауым, баршаңыздың еңбектеріңізге сәттілік тілеймін! Алдағы «Алтын дән» мерекесінде зор табыстармен кездесейік!», – деді Н.Нәлібаев.

Басқосуда ала жаздай маңдайы күнге, табаны құмға күйген мәртебелі еңбек адамдары марапат төрінен көрінді. Атап айтсақ, бірқатар азаматқа Премьер-министрдің Алғыс хаты, Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» төсбелгісі, Құрмет грамотасы, министрдің Алғыс хаты, Су шаруашылығы және ирригация министрлігінің «Су шаруашылығы саласының ардагері» төсбелгісі, Құрмет грамотасы табысталды. Сонымен қатар, салтанатты шарада Қызылорда облысының Құрмет грамотасымен және облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталғандар да құрметке бөленді.

Жиында ауыл шаруашылығы техникаларының көрмесі ұйымдастырылып, ауылдың тыныс- тіршілігін бейнелейтін қойылымдар көрсетілді.

Сырдария өзеніндегі су деңгейінің төмендеуіне байланысты Сыр өңірінің егін шаруашылығында әртараптандыру жұмыстары жанданып, су үнемдеу технологиялары кеңінен енгізілуде.

“ҚОРҚЫТ АТА” — ҚАЛАЛЫҚТАР КӨЗАЙЫМЫНА АЙНАЛАДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қорқыт ата скверін жаңғырту жұмыстарымен танысты.

Қорқыт ата скверін «Астана сервис Ltd.» ЖШС жыл соңында пайдалануға береді. Онда 157 орындық, 100 қоқыс жәшігі, 85 жарық бағанасы орнатылып, 9 500 шаршы метр аумаққа брусчатка төселеді.

Сондай-ақ, бұл жерде балалар ойын алаңы, субұрқақ, серуендеуге арналған саябақ салынууда. Абаттандыру жұмыстары да кеңінен жүргізілуде.



ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ ӘКІМІНІҢ 2021 ЖЫЛҒЫ 23 ҚЫРКҮЙЕКТЕГІ №18 ШЕШІМІМЕН ҚҰРЫЛҒАН

№21 аймақ сайлау учаскелері	11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 46, 48, 50, 52, 54, 56; Ш.Есенов көшесі - № 40, 42, 44; Жанқожа батыр көшесі - № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 23а, 24; М.Көпірбаев тұйық көшесі - № 1, 2, 3, 4, 5, 6; «Наурыз» шағын ауданы - № 7, 8, 9, 10, 11, 11а, 13, 14, 15, 17, 18, 20, 22, 24, 26, 28, 30, 32, 34, 40, 78, 80; «Мелиоратор», «Аэропорт», «Тепловик» саяжайлары.
№ 225 сайлау учаскесі Орналасқан жері: Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «№ 11 мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Тасбөгет кенті, 3.Шүкіров көшесі, № 8. Шекаралары: Тасбөгет кенті: Е.Жүнісбаев көшесі - № 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39; 3.Шүкіров көшесі - № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 62, 63, 64, 65, 66, 67, 68, 69, 70, 71, 72, 73, 74, 75, 76, 77, 78; С.Мауленов көшесі - № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10; М.Маметова көшесі - № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31; М.Шоқай көшесі - № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 62, 63, 64, 65, 66, 67, 68, 69, 70, 71, 72, 73, 74, 75, 76, 77, 78, 79, 80, 81, 82, 83, 84, 85, 86, 87, 88, 89, 90, 91, 92, 93, 94, 95, 96, 97, 98, 99, 100, 101, 102, 103, 104, 105, 106, 107, 108, 109, 110, 111, 112, 113, 114, 115, 116, 117, 118, 119, 120, 121, 122, 123, 124, 125, 126, 127, 128, 129, 130, 131, 132, 133, 134, 135, 136, 137, 138, 139, 140, 141, 142, 143, 144, 145, 146, 147, 148, 149, 150, 151, 152, 153, 154, 155, 156, 157, 158, 159, 160, 161, 162, 163, 164, 165, 166, 167, 168, 169, 170, 171, 172, 173, 174, 175, 176, 177, 178, 179, 180, 181; Тәуелсіздік көшесі - № 19, 21, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 62, 63, 64, 65, 66, 67, 68, 69, 70, 71, 72, 73, 74, 75, 76, 77, 78, 79, 80, 81, 82, 83, 84, 85, 86, 87, 88, 89, 90, 91, 92, 93, 94, 95, 96, 97, 98, 99, 100, 101, 102, 103, 104, 105, 106, 107, 108, 109, 110, 111, 112, 113, 114, 115, 116, 117, 118, 119, 120, 121, 122, 123, 124, 125, 126, 127, 128, 129, 130, 131, 132, 133, 134, 135, 136, 137, 138, 139, 140, 141; Абай көшесі - № 21, 23, 25, 27, 29, 31, 33, 35, 37, 39, 41, 43, 45, 47, 49, 51, 53, 55, 57, 59, 61, 63, 65, 67, 69, 71, 73, 75, 77, 79, 81, 83, 85, 87, 89, 91, 93, 95, 97, 99, 101, 103, 105, 107, 109, 111, 113, 115, 117, 119, 121, 123, 125, 127, 129, 131, 133, 135, 137, 139, 141, 143, 145, 147, 149, 151, 153, 155, 157, 159, 161, 163, 165, 167, 169, 171, 173, 175, 177, 179, 181, 183, 185, 187, 189, 191, 193, 195, 197, 199, 201, 203, 205, 207, 209, 211, 213, 215, 217, 219, 221, 223, 225; Жанқожа батыр көшесі - № 20, 22, 24; Қ.Баймағанбетов көшесі - № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 7а, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21; Ө.Сапарбаев көшесі (толығымен); Ж.Бөкішев көшесі (толығымен); Қ.Ешмаханов көшесі - № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 149; Қ.Өбенов көшесі - № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 10, 12, 14, 16, 25; Абай тұйық көшесі - № 159, 165, 163, 167; М.Абдыраманов көшесі - № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 167, 169, 171, 172; Ж.Дүйсенов көшесі - № 1, 3, 10, 11, 17, 18, 19, 20, 22, 165; Рахмет жырау көшесі - № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10; Школьная көшесі - № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9.	
№ 237 сайлау учаскесі Орналасқан жері: Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «№ 11 мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Тасбөгет кенті, 3.Шүкіров көшесі № 8. Шекаралары: Тасбөгет кенті: Абай көшесі - № 31, 33, 35, 37, 39, 41, 43, 45, 47, 49, 51, 53, 55, 57, 59, 61, 63, 65, 67, 69, 71, 73, 75, 79, 81, 83, 85, 87, 89, 91, 93, 95, 97, 99, 101, 103, 105, 107, 109, 111, 113, 115, 117, 119, 121, 123, 125, 127, 129, 131, 133, 135, 137, 139, 141, 143, 145, 147, 149, 151, 153, 155, 157, 159, 161; С.Сейфуллин көшесі - № 23, 25, 27, 29, 31, 33, 35, 37, 39, 41, 43, 45, 47, 49, 51, 53, 55, 57, 59, 61, 63, 65, 67, 69, 71, 73, 74, 75, 76, 77, 78, 79, 80, 81, 82, 83, 84, 85, 86, 87, 88, 89, 90, 91, 92, 93, 94, 95, 96, 97, 98, 99, 100, 101, 102, 103, 104, 105, 106, 107, 108, 109, 110, 111, 112, 113, 114, 115, 116, 117, 118, 119, 120, 121, 122, 123, 124, 125, 126, 127, 128, 129, 130, 131, 132, 133, 134, 135, 136, 137, 138, 139, 140, 141, 142, 143, 144, 145, 146, 147, 148, 149, 150, 151, 152, 153, 154, 155, 156, 157, 158, 159, 160, 161, 162, 163, 164, 165, 166, 167, 168, 169, 170, 171, 172, 173, 174, 175, 176, 177, 178, 179, 180, 181, 182, 183, 184, 185, 186, 187, 188, 189, 190, 192, 194, 196, 198, 200; Ғ.Мұратбаев көшесі - № 39, 41, 43, 45, 47, 49, 51, 53, 55, 57, 59, 61, 63, 65, 67, 69, 71, 73, 75, 79, 81, 83, 85, 87, 89, 91, 93, 95, 97, 99, 101, 103, 105, 107, 109, 111, 113, 115, 116, 117, 118, 119, 120, 121, 122, 123, 124, 125, 126, 127, 128, 129, 130, 131, 132, 133, 134, 135, 136, 137, 138, 139, 140, 141, 142, 143, 144, 145, 146, 147, 148, 149, 150, 151, 152, 153, 154, 155, 156, 157, 158, 159, 160, 161, 162, 163, 164, 165, 166, 167, 168, 169, 170, 171, 172, 173, 174, 175, 176, 177, 178, 179, 180, 182, 184, 186, 188, 190, 192, 194, 196, 198, 200, 202, 204, 206, 208, 210, 212, 214, 216, 218, 220, 222, 224, 226, 228, 230, 232, 234, 236, 238, 240, 242, 244, 244а; Ө.Молдағұлова көшесі - № 2, 3, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 62, 63, 64, 65, 66, 67, 68, 69, 70, 71, 72, 73, 74, 75, 76, 77, 78, 79, 80, 81, 82, 83, 84, 85, 86, 87, 88, 89, 90, 91, 92, 93, 94, 95, 96, 97, 98, 99, 100, 101, 102, 103, 104, 105, 106, 107, 108, 109, 110, 111, 112, 113, 114, 115, 116, 117, 118, 119, 120, 121, 122, 123, 124, 125, 126, 127, 128, 129, 130, 131, 132, 133, 134, 135, 136, 137, 138, 139, 140, 141, 142, 143, 144, 145, 146, 147, 148, 149, 150, 151, 152, 153, 154, 155, 156, 157, 158, 159, 160, 161, 162, 163, 164, 165, 166, 167, 168, 169, 170, 171, 172, 173, 174, 175, 176, 177, 178, 179, 180, 182, 184, 186, 188, 190, 192, 194, 196, 198, 200, 202, 204, 206, 208, 210, 212, 214, 216, 218, 220, 222, 224, 226, 228, 230, 232, 234, 236, 238, 240, 242, 244, 244а; Ж.Маханбетов көшесі - № 44, 46, 48, 50, 52, 54, 56, 58, 60, 62, 63, 64, 65, 66, 67, 68, 69, 70, 71, 72, 73, 74, 75, 76, 77, 78, 79, 80, 81, 82, 83, 84, 85, 86, 87, 88, 89, 90, 91, 92, 93, 94, 95; Қ.Баймағанбетов көшесі - № 20, 22, 24, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 45, 47, 49, 51, 53, 55, 57, 59, 61, 63, 65, 67, 69, 71, 73, 75, 77, 79, 81, 83, 85, 87, 89, 91; «Тасарық» шағын ауданы - № 2, 7, 7а, 8, 15, 23, 26/2, 28, 30, 31, 34а; Жанқожа батыр көшесі - № 21, 23, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 34, 36, 38, 40, 42.	

Қызылорда қаласы әкімінің 2021 жылғы 23қыркүйектегі№ 18 шешімімен құрылған

ОБРАЗОВАНА РЕШЕНИЕМ АКИМА ГОРОДА КЫЗЫЛОРДА № 18 ОТ 23СЕНТЯБРЯ 2021 ГОДА

Избирательные участки №21 округа

улица С.Мыканова - № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 46, 48, 50, 52, 54, 56; улица Ш.Есенова - № 40, 42, 44; улица Жанкожа батыра - № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 23а, 24; переулок М.Копирбаева - № 1, 2, 3, 4, 5, 6; микрорайон «Наурыз» - № 7, 8, 9, 10, 11, 11а, 13, 14, 15, 17, 18, 20, 22, 24, 26, 28, 30, 32, 34, 40, 78, 80; дачи «Мелиоратор», «Аэропорт», «Тепловик».

Избирательный участок № 237

Местонахождение: Коммунальное государственное учреждение «Школа-лицей № 11» отдела образования по городу Кызылорда управления образования Кызылординской области, поселок Тасбугет, улица 3. Шукурова № 8.

Границы: поселок Тасбугет:

улица Абая - № 31, 33, 35, 37, 39, 41, 43, 45, 47, 49, 51, 53, 55, 57, 59, 61, 63, 65, 67, 69, 71, 73, 75, 79, 81, 83, 85, 87, 89, 91, 93, 95, 97, 99, 101, 103, 105, 107, 109, 111, 113, 115, 117, 119, 121, 123, 125, 127, 129, 131, 133, 135, 137, 139, 141, 143, 145, 147, 149, 151, 153, 155, 157, 159, 161; улица С. Сейфуллина - № 23, 25, 27, 29, 31, 33, 35, 37, 39, 41, 43, 45, 47, 49, 51, 53, 55, 57, 59, 61, 63, 65, 67, 69, 71, 73, 74, 75, 76, 77, 78, 79, 80, 81, 82, 83, 84, 85, 86, 87, 88, 89, 90, 91, 92, 93, 94, 95, 96, 97, 98, 99, 100, 101, 102, 103, 104, 105, 106, 107, 108, 109, 110, 111, 112, 113, 114, 115, 116, 117, 118, 119, 120, 121, 122, 123, 124, 125, 126, 127, 128, 129, 130, 131, 132, 133, 134, 135, 136, 137, 138, 139, 140, 141, 142, 143, 144, 145, 146, 147, 148, 149, 150, 151, 152, 153, 154, 155, 156, 157, 158, 159, 160, 161, 162, 163, 164, 165, 166, 167, 168, 169, 170, 171, 172, 173, 174, 175, 176, 177, 178, 179, 180, 181, 182, 183, 184, 185, 186, 187, 188, 189, 190, 192, 194, 196, 198, 200; улица Г.Муратбаева - № 39, 41, 43, 45, 47, 49, 51, 53, 55, 57, 59, 61, 63, 65, 67, 69, 71, 73, 75, 79, 81, 83, 85, 87, 89, 91, 93, 95, 97, 99, 101, 103, 105, 107, 109, 111, 113, 115, 116, 117, 118, 119, 120, 121, 122, 123, 124, 125, 126, 127, 128, 129, 130, 131, 132, 133, 134, 135, 136, 137, 138, 139, 140, 141, 142, 143, 144, 145, 146, 147, 148, 149, 150, 151, 152, 153, 154, 155, 156, 157, 158, 159, 160, 161, 162, 163, 164, 165, 166, 167, 168, 169, 170, 171, 172, 173, 174, 175, 176, 177, 178, 179, 180, 182, 184, 186, 188, 190, 192, 194, 196, 198, 200, 202, 204, 206, 208, 210, 212, 214, 216, 218, 220, 222, 224, 226, 228, 230, 232, 234, 236, 238, 240, 242, 244, 244а; улица А.Молдагуловой - № 2, 3, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 62, 63, 64, 65, 66, 67, 68, 69, 70, 71, 72, 73, 74, 75, 76, 77, 78, 79, 80, 81, 82, 83, 84, 85, 86, 87, 88, 89, 90, 91, 92, 93, 94, 95; улица Ж.Маханбетова - № 44, 46, 48, 50, 52, 54, 56, 58, 60, 62, 63, 64, 65, 66, 67, 68, 69, 70, 71, 72, 73, 74, 75, 76, 77, 78, 79, 80, 81, 82, 83, 84, 85, 86, 87, 88, 89, 90, 91, 92, 93, 94, 95; улица К.Баймаганбетова - № 20, 22, 24, 26, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 45, 47, 49, 51, 53, 55, 57, 59, 61, 63, 65, 67, 69, 71, 73, 75, 77, 79, 81, 83, 85, 87, 89, 91; микрорайон «Тасарык» - № 2, 7, 8, 9, 8а, 15, 23, 26/2, 28, 30, 31, 34а; улица Жанкожа батыра - № 21, 23, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 34, 36, 38, 40, 42.

“ҚЫТАЙ – САУДАДАҒЫ ЕҢ ІРІ СЕРІКТЕСТІҢ БІРІ”

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев экологиялық мәселелерді талқылауға Сыр еліне жұмыс сапарымен келген Парламент Мәжілісінің депутаттары Еділ Жаңбыршин, Мархабат Жайымбетовпен және «Хуанрань Медикал» компаниясы директорлар кеңесінің төрағасы, «Майжике Инвестмент менеджмент» компаниясының басқарма төрағасы Лю Бо, аталған компанияның тең төрағасы Юй Шиммо, «Иньцзян Эко-пром» компаниясының басқарма төрағасы Е Вэйумен кездесті.

Басқосуға жауапты сапалардың, өнеркәсіптік кәсіпорындардың басшылары, халықаралық сарапшылар мен шетелдік компаниялардың өкілдері қатысты.

Аймақ басшысы өңірдің инвестициялық әлеуетіне, атқарылған жұмыстарға тоқталды.

- «Екі Мемлекет басшыларының сарабдал саясаты нәтижесінде қазақ-қытай қарым-қатынасында сенімді экономикалық серіктестік пен табысты мәдени-гуманитарлық байланыстар қалыптасты.

Қытай Халық Республикасы – Қызылорда облысының ең ірі сауда серіктестерінің бірі. Өңірімізде қара және түсті металдардың, пайдалы қазбалар мен сирек кездесетін жер элементтерінің қорлары бар. Еліміздің ваннадий қорының 66%-ы мырыштың 16%-ы қорғасынның 11% және уранның 15%-ы Қызылорда облысында орналасқан.

Аймағымыздағы әлеуеті зор 61 инвестициялық жобаның тизерлерін қарастырып, медициналық өнімдер шығаратын өндіріс орнын ашуға шақырамын. Сондай-ақ, Қызылорданың құрылыс саласындағы инвестициялық әлеуетін ескеріп, ламинат шығаруға қызығушылық танытудамыз. Облыс

әкімдігі қажетті техникалық шарттарды алуға жан-жақты қолдау көрсетуге дайын», – деді Н. Нәлібаев.

Басқосуда қоршаған ортаны қалпына келтіру, суды тазарту, өнеркәсіптік қалдықтарды қайта өңдеу және қайталама шикізат негізінде құрылыс материалдарын өндіру бағытындағы жұмыстар да талқыланды.

Еділ Жаңбыршин қоршаған ортаны қорғау мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі екенін және жүйелі бақылауды талап ететінін атап өтті.

Қытайлық компаниялардың өкілдері сөз сөйлеп, қазақстандық кәсіпорындарда инновациялық шешімдерді енгізуге, қолданыстағы өндірістерді жаңғыртуға және экологиялық таза технологияларға негізделген жаңа өндірістерді құруға дайын екендіктерін білдірді.

Айта кетейік, 5-6 қыркүйекте Парламент Мәжілісінің Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті Қызылорда облысы әкімдігімен бірлесіп, жұмыс кеңесін өткізді. Іс-шараның мақсаты – экологиялық заңнаманың жекелеген нормаларының орындалу барысын зерделеу, оны жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу. Кеңесте Қызылорда облысындағы өзекті экологиялық мәселелер қаралды.

Мәжіліс депутаттары мен шетелдік қонақтар өнеркәсіптік жоспарларды, «Өндіріс» индустриялық аймағын, құрылысы қарқын алған газтурбиналық электр станциясын аралап көрді.

Сыр өңіріне жұмыс сапарымен келген ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары Еділ Жаңбыршин, Мархабат Жайымбетов, Қытай Халық Республикасының «Майжике Инвестмент Менеджмент», «Хуанрань Медикал», «Иньцзян Эко-Пром» компанияларының өкілдері аймақтың инвестициялық мүмкіндіктерімен танысты.

Облыс орталығындағы әлеуметтік нысандардың, өндіріс орындарының жұмысын көріп, олардың даму қарқынына оң баға берді.

Кездесу қорытындысында шетелдік қонақтар бұған дейін қалыптасқан өзара сенім мен бірлескен жұмыстың нәтижесін ерекше атап өтіп, Қызылорда облысы әкімдігі мен «Майжике Инвестмент Менеджмент» компаниясы арасында өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

Тараптар өңірде импортты алмастыруға бағытталған ірі инвестициялық жобаларды іске асыруға уағдаласты. Жоспарланған ынтымақтастық бірқатар стратегиялық саланы қамтиды. Атап айтқанда экологиялық жобалар, құрылыс индустриясына қажетті материалдар шығару және медицина.

Жаңа бастамалар Қызылорда облысының инвестициялық тартымдылығын арттырып қана қоймай, өңірде жаңа жұмыс орындарын ашуға, экологиялық жағдайды жақсартуға және медициналық қызметтің сапасын арттыруға елеулі үлес қосады деп күтілуде.

Делегация мүшелеріне аймақтың инвестициялық әлеуетіне бағытталған ауыл шаруашылығы, химия және тау-кен, тамақ, жеңіл өнеркәсіптерді қамтитын, жалпы құны 2,2 млрд. АҚШ долларын құрайтын инвестициялық жобалардың тизерлері ұсынылды.

Сонымен қатар Үкімет қолдауымен биыл Қызылорда қаласында құрылған «Қорқыт Ата» арнайы экономикалық аймағы туралы жан-жақты ақпарат берілді. Арнайы экономикалық аймақта инвестициялық жобаларды орналастырудың артықшылықтары, мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдау шаралары, салық жеңілдіктері мен басқа да преференциялар кеңінен таныстырылды.

ЖОБА

«ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК КӨРСЕТУДІҢ, ОНЫҢ МӨЛШЕРЛЕРІН БЕЛГІЛЕУДІҢ ЖӘНЕ МҰҚТАЖ АЗАМАТТАРДЫҢ ЖЕКЕЛЕГЕН САНАТТАРЫНЫҢ ТІЗБЕСІН АЙҚЫНДАУДЫҢ ҚАҒИДАЛАРЫН БЕКІТУ ТУРАЛЫ» ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ 2023 ЖЫЛҒЫ 14 ҚЫРКҮЙЕКТЕГІ № 63-8/5 ШЕШІМІНЕ ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

Қызылорда қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. «Қызылорда қаласының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларына: 2023 жылғы 14 қыркүйектегі № 63-8/5 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8449-11 болып тіркелген) келесідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Қызылорда қаласының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларында:

5-тармақтың 3) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

«3) 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні:

Қазақстандағы 1986 жылғы 17-18 желтоқсан оқиғаларына қатысқаны үшін, осы оқиғаларда қасакана кісі өлтіргені және милиция қызметкерінің, халық жасакшысының өміріне қастандық жасағаны үшін сотталған, өздеріне қатысты қылмыстық істерді қайта қараудың қолданылып жүрген тәртібі сақталатын адамдарды қоспағанда, қугын-сүргіндерге ұшыраған адамдарға – 60 (алпыс) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде»;

6-тармақ: мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

«2-1) табысы аз отбасылардан шыққан балаларға оқу жылы кезеңінде қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жол жүруге ай сайын – 1 (бір) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде».

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Лауазымы	Аты-жөні
«КЕЛІСІЛДІ»	
«Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	

ПРОЕКТ

О ВНЕСЕНИИ ИЗМЕНЕНИЕ В РЕШЕНИЕ КЫЗЫЛОРДИНСКОГО ГОРОДСКОГО МАСЛИХАТА ОТ 14 СЕНТЯБРЯ 2023 ГОДА № 63-8/5 «ОБ УТВЕРЖДЕНИИ ПРАВИЛ ОКАЗАНИЯ СОЦИАЛЬНОЙ ПОМОЩИ, УСТАНОВЛЕНИЯ ЕЕ РАЗМЕРОВ И ОПРЕДЕЛЕНИЯ ПЕРЕЧНЯ ОТДЕЛЬНЫХ КАТЕГОРИЙ НУЖДАЮЩИХСЯ ГРАЖДАН ГОРОДА КЫЗЫЛОРДА»

Кызылординский городской маслихат РЕШИЛ:

1. Внести в решение Кызылординского городского маслихата от 14 сентября 2023 года № 63-8/5 «Об утверждении правил оказания социальной помощи, установления ее размеров и определения перечня отдельных категорий нуждающихся граждан города Кызылорда» (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 8449-11) следующее изменение:

В правилах оказания социальной помощи, установления ее размеров и определения перечня отдельных категорий нуждающихся граждан города Кызылорда, утвержденные указанным решением:

подпункт 3) пункта 5 изложить новой редакции:

«3) День Независимости – 16 декабря:

лицам, подвергшимся репрессиям за участие в событиях 17-18 декабря 1986 года в Казахстане, за исключением лиц, осужденных за совершение умышленных убийств и посягательство на жизнь работника милиции, народного дружинника в этих событиях, в отношении которых сохраняется действующий порядок пересмотра уголовных дел – в размере 60 (шестьдесят) месячных расчетных показателей»;

пункт 6:

дополнить подпунктом 2-1) следующего содержания:

«2-1) Детям из малообеспеченных семей в период учебного года на проезд в общественном транспорте (кроме такси) ежемесячно в размере 1 (одного) месячного расчетного показателя.».

2. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Должность	ФИО
«СОГЛАСОВАНО»	
Коммунальное государственное учреждение	
«Управление координации занятости и социальных программ	
Кызылординской области»	

Жоба ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНЫҢ ТАЛСУАТ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНДЕГІ БІРҚАТАР КӨШЕЛЕРГЕ АТАУ БЕРУ ТУРАЛЫ

Проект О ПРИСВОЕНИИ НАИМЕНОВАНИЙ НЕКОТОРЫМ УЛИЦАМ В СЕЛЬСКОМ ОКРУГЕ ТАЛСУАТ ГОРОДА КЫЗЫЛОРДА

«Қазақстан Республикасының әкім-шілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Талсуат ауылдық округі тұрғындарының пікірін ескере отырып және облыстық онематика комиссиясының 2025 жылғы 26 тамыздағы№ 2 қорытындысы негізінде Талсуат ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қызылорда қаласының Талсуат ауылдық округіндегі келесі көшелерге:

- 1) атауы жоқ көшеге Пірімжан Дүйсенбаевтың есімі;
- 2) атауы жоқ көшеге Сәду Нұрпейісовтің есімі;
- 3) атауы жоқ көшеге Құдайберген Ахметовтің есімі;
- 4) атауы жоқ көшеге Әділбек Дөненбаевтың есімі берілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім	Е. БЕЙСЕНБАЕВ	Аким	Е. БЕЙСЕНБАЕВ
------	---------------	------	---------------



Қазақстан Республикасының Ет және Сүт министрлігінің жолдамасымен маман ретінде Қызылорда ет комбинатында қалғанда. Алғашқыда компрессорлар целхында қатардағы жөндеуші, аға шебері, цех бастығы болып тағайындалып, тоғыз жыл бойы мекемеде абыройлы қызмет жасап, жұмысшылардың еңбек және тұрмыс жағдайларын терең зерттей отырып, өнертапқыш ретінде тоңазытқыштардың мүлтіксіз жұмыс істеуіне бағытталған бес жаңалық енгізіп, абырой биігіне көтерілген білікті маман ретінде таныла білді. Қайнаған еңбектің ортасынан әбден шынығып шыққан Жалғас Нысанұлы 1982 жылы жоғарғы партия және Қазақстан Республикасы кәсіподақтар кеңесінің келісімі негізінде Қызылорда облыстық тамақ өнеркәсібі жұмысшылары кәсіподағы төрағасы қызметіне сайланды.

1986 жылдары облыстық ауыл-шаруашылығы қызметкерлері мен тамақ өнеркәсібі жұмысшылары кәсіп-

одақтарының бірігуіне байланысты тәжірибелі жоғарғы санаттағы маман ретінде Қызылорда ет комбинатының бас инженері, 1994 жылы комбинаттың «Ет» акционерлік қоғамы болып қайта құрылуына байланысты бірінші вице – президенті, кейіннен облыстық «Агросоюз» акционерлік қоғамының төрағасы қызметтерін асқан жауапкершілікпен атқара білді.

Нарықтық экономикаға көшуде елдегі ауылшаруашылық саласын қайта реформалау негізінде жаңа буын облыстық ауылшаруашылығы аумақтық басқармасы құрылып, Жалғас Нысанұлының өмір жолындағы келесі қызметтік өмірбаяны өз жалғасын тапты. Жаңа сала, жаңаша талап, жаңаша көзқарас қалыптасты. 2008 жылы көп жылғы абыройлы еңбек жолы зейнеткерлікке ұласып, облыстың абыройлы еңбек ардагері дәрежесін иеленді. Жалғас Нысанұлы қай уақытта да, қандай дәрежеде қызмет атқарса да өмірлік көзқарасынан айныған жоқ, оны барды бар, жоқты жоқ деп, әрбір істің әділ таразысындай болған азамат ретінде бағалаймыз.

Жалғас Нысанұлы облысымыздың қоғамдық өміріне белсене араласа отырып, бірінші дәрежелі «Еңбек Даңқы», «Ел ардақтысы», «Қызылорда қаласына 200 жыл», «Елеулі еңбегі үшін» медальдарымен, Қызылорда облысы әкімінің «Құрмет» грамоталарымен және басқа да түрлі төсбелгілермен марапатталған.

2009 жылы елу жеті жасында өмірден өткен Әбенова Шәркүл Ысқақызымен тұрны құрып, төрт бала өсіріп, жанбүләк, немерелерінің қызығын көріп отырған Сыр бойының құрметті ардагері Жалғас Нысанұлы ортамызда ақылшы ақсақалымыз, данағой қартымыз болып жүре берсін дейміз.

Құрметпен,
Сайлаубай ӘБІШҰЛЫ,
облыстық «Ұрпақтан - ұрпаққа» қоғамдық бірлестігінің төрағасы.

ЖОЛДАУ САНАНЫ

НЕМЕСЕ ЖАСАНДЫ САНА ҚОҒАМДЫҚ САНАНЫ ЖАҢАРТАДЫ...

“ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТПЕН” ЖАҚСАРАМЫЗ?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың биылғы Жолдауы “Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу” деп аталды. Неге? Расымен де осындай деңгейге жетіп қалдық па? Әлі күнге зейнетақысын почтадан кезекке тұрып алатын зейнеткерлер қатары азайған жоқ. Мемлекеттік қызметті де сандық жүйеге көшірдік дегенімізбен шенеуніктер әлі күнге қағазбастылықтан арылған жоқ. Электронды қызметті ұдайы қамтама-сыз ететін электр желісіміз әлі түгел келеге келген жоқ. Тағысын тағы. Бұдан бөлек рухани құндылықтар, ұлттық құндылықтар деген проблема бар. Оның үстіне жасанды сана жұмыссыздар қатарын көбейтеді деген қауіп те бар. Өрине, бұл – болмасын дегеннің былжырағы көрінуі мүмкін.

Жолдауда Президент биылғы жылы жасанды интеллектке неге басымдық беріліп отырғанын біраз түсіндіртіті.

“Жасанды интеллектінің қарқын-ды дамуы қазірдің өзінде халықтың, әсіресе, жастардың мінез-құлқы мен болмыс-бітіміне әсер етіп жатыр.

Басқаша болуы мүмкін емес. Себебі бұл үрдіс бүкіл әлемде қалыптасқан тәртіпті және адамдар-дың өмір суру салтын біржола өзгертуде. Біз бұған дайын болып, батыл әрекет етуіміз керек. Әйтпесе артта қалудың салдары өте ауыр болады. Сондықтан мен алдымызға өте маңызды стратегиялық мақсат қойдым. Қазақстан үш жыл ішінде міндетті түрде жаппай цифрлық ел болуы керек.

Біз жаппай цифрландыру және жасанды интеллект технологиясын барынша енгізу арқылы экономиканы жаңғыртуымыз қажет. Ол үшін, ең алдымен, Цифрлық кодексті тезірек қабылдауға жөн.

Бұл заңда цифрландыру үдері-сінің негізгі бағыттары, соның ішінде жасанды интеллект, плат-формалық экономика, үлкен дерек-қорларды пайдалану және басқа да мәселелер айқындалуға тиіс.

Жаңа технологиялық қалыптың ажырамас бөлігіне айналу үшін бүкіл мемлекеттік басқару жүйесін қайта құрып, оның азаматтар мүддесіне сай болуын қамтамасыз ету, сондай-ақ ашықтығы мен тиімділігін еселеп арттыру керек.

Сондықтан қазіргі құзырлы министрліктің негізінде Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігін құру қажет деп санаймын. Жаңа министрлікті Премьер-министрдің орынбасары деңгейіндегі маман басқаруы керек.

Үкімет экономиканың барлық саласын жаңғырту үшін жаппай жасанды интеллектіні енгізу қажет. Қазақстанды бәсекеге қабілетті ел ретінде дамытамыз десек, жұмыссымызды жаңаша тәсілмен жүргізуіміз керек.

ШЕТЕЛДЕ ТАУЫҚ ЖҮНІН ЖҰЛЫП ЖҮРМІЗ...

КСРО-ның кезінде экономиканың қалай дамығанын кітаптан оқып айта-тынымыз болмаса, экономикаға қуат болар қаражаттың қайдан келген дерегі сол кез коммунистерімен бірге кеткен болар...

Қазіргі жағдайда жаһандық эконо-мика дегені жүріп тұр. Елдің ішкі сұранысын елдің өзі қамтамасыз етуі мүмкін емес. Себебі де белгілі. Әлгі айта беретін шикізатқа тәуелді эконо-мика кесірінен өндіріс дамымады. Дамығанда да оның бар билігі бөтенде болды. Содан да КСРО деген алып құрылымынан 15 ел бөлек өз алдына

кеткенде өндіріссіз қалдық. Өз тауа-рымызды өзіміз шығарайық, өз-өзіміз-ді қамтамасыз етейік деп, қанша ұрандағанымызбен “көк легеннен” артық ештеңе шығара алмадық. Өз ақылымызбен екі сиыр бақсақ, ол екі сиыр өзімізді асырайтынын білмей жүргенде, бізге зауыт, фабрика ашу қайдан бұйырсын...

Біз басып озбағанда да теңелеміз деп үміт еткен дамыған елдер біздің шұлық, нәскиімізді неғылсын... Оларға керекі – өндіріс. Капиталдың ақша – тауар – ақша айналымын жақсы меңгерген олар өз қаражаттарын біз сияқты ішіп-жеуге, киіп тастауға жұмса-майды. Олар ақшадан ақша жасайды. Сол үшін өндіріске қаржы салады.

Мемлекет басшысының: “Бірінші. Елімізге қомақты инвестиция тарту керек. Қазір дүние жүзінде инвес-тицияға талас күшейіп барады. Жаңа инвестициялық кезеңді бастауымыз қажет. Қазіргі инвестиция тарту саясаты мардымды деп айта алмаймын. Қаражаттың көбі шикізат салаларына құйылып жатыр. Жалпы, бұл жаман емес, осындай инвестициялар бізге қажет.

Бірақ қазір алдымызда тұрған міндет – басқа. Бұл – өңдеу сала-сына көбірек қаражат тарту. Сон-дықтан Үкімет инвестиция сая-сатына басқаша көзқараспен қарауы керек. Қажет болса, жоғары техно-логияларға салынатын инвести-цияларға жеңілдік беруге болады. Сондай-ақ мемлекеттің инвести-циясы мен жеке бизнестің ірі баста-маларына бірдей назар аудару қажет.

Ірі инвесторлармен қатар орта және шағын инвесторлармен тығыз байланыста жұмыс істеу керек. Қаражаттың қай бағытқа, қандай мақсатпен және қанша көлемде қажет екенін нақты білу қажет. «Инвестицияға тапсырыс» өндіріс-тің сұранысына сай жасалуы керек” деп, Жолдауда инвестицияны бірінші міндет етіп отырғаны осыдан болса керек...

“Есі Қызақстан” да қарап қалған жоқ, инвестиция тартты. Аз тартқан жоқ. Экономиканы дамытудың ең оңай жолы шикізатқа құйылған шетел-діктердің қаржысының рахатын көрген жоқ емеспіз. Көрдік. Әлі көріп келеміз. Сондай-ақ зардабын да тартып келеміз. Ең бастысы жұмыс істейтіннен жұмыссыздары көп қоғамда халықтың өлу-ауқатын, тұрмысын жақсартта алмай келеміз. Айлық шайлыққа жетпегеннен де небір ақылды бастар шетелдерде тауық жүнін жұлатын, немесе құлпынай жинайтын қол күшіне айналды. Содан да “өзімізде өңдеу саласына көбірек қаражат тарту керек”.

Кейде осы Үкіметтің өзі де инвести-ция тарту дегеннен шаршайды-ау дей-сің... Өрине, бар өңірді аралап, бюджет қаражатымен салынып жатқан әралуан нысандарға марқайып жүре берген де жаман емес.

Ауылда қауын шығаратын цех, немесе түйе сүтін капсула етіп өндіре-тін зауыт салайық деп, біреуден ақша сұрап жүрген оңай емесі белгілі. Баяғы-дай бере салатын жерасты байлығы да жетіп жатқан жоқ. Президент айтқандай “инвестиция тіпті жетім бала сияқты үш-төрт мекемеге ортақ мәселе болып, өз жолын таппай жүрмегенде” неғылсын. Кім ыза жерді басқысы келеді? Кім қиындыққа барғысы келеді?

- “Еліміздегі инвесторлармен қарым-қатынас жүйесі күрделі әрі бытыраңқы. Қағазбастылық көп, түрлі органдардың құзыреттері қайталанады. Ал қазіргі күрделі ахуал кезінде инвестиция тарту – кезек күттірмейтін мәселе, бізге жаңа ұстаным керек. Қалай болса да, инвестиция тарту бойынша барлық үйлестіру жұмысы тікелей

Премьер-министрге жүктеледі. Жаңа министрлік құрудың қажеті жоқ” - дейді Қ. Тоқаев.

БАНКТЕР – ӨМІР ҚОЖАЙЫНЫ?

Негізі банк жүйесін ойлап тауып, оны жетілгендердің әуел бастағы ойы, жоспары қандай болғанын қазір зерттеп жүрген ешкім жоқ-ау. Есте болса, бір кездері жаңылыспасақ “Агробанк” деген ауылшаруашылығына арналған банк болды. Тек ауыл өндірісіне ақша беретін. Ия, банк деген баяғыдан бар. Көп жұрт оны ақша сақтайтын, мекемелерге айлық тарату үшін ақша беретін жер деп ұғатын.

Қазір банк туралы түсінік өзгерді. Банк – жұрт ұғымында бар қажетіңе несие беретін, әр ақша алған сайын сол банктегі қарызыңды жабатын орын. Байқаған адамға бүкіл халық банк үшін өмір сүріп жүрген сияқты. Отыз күн жан салып, қара терге малынып жұмыс істейді, сосын тапқанын банкіге апарып, отыз күн ішкен-жегенінің, киге-нінің, тойлағанының қарызын өтейді. Одан басқаға шама жоқ. Банкке де рахат. Есеп-қисап жасап, сызба сызып, жоба құрастырып басын ауыртпайды. Жағдайы кетіп бара жатса, Үкіметтен көмек сұрай қояды. Зауыт, фабрика салып не керек, бір банк ашып алсаң, ақша өз-өзінен келеді.

Банктердің ақшасын экономикаға қарай бұру жөнінде талай айтылып келеді. Жоғары мінберлерден де. Бұл жолды Жолдауда да айтылыпты.

- “Жаңа инвестициялық кезеңді ойдағыдай бастау маңызды. Екінші дәрежебі банктер нақты секторға бөлсенді түрде қаржы салуы керек. Бұл мәселе қоғамда баяғыдан қызу талқыланып жатыр. Осы жұмысты көп созбай қолға алу қажет.

Қазақстандағы банктердің активтері мен қаражаты дамыған елдерге қарағанда орта есеппен бірнеше есе көп пайда әкеледі.

Себебі біздің банктер экономи-каға несие бергеннен гөрі қаржылық тәуекелі төмен бағыттарға ақша салғанды жөн көреді. Осы мәселені депутаттар, сарапшылар үнемі көтеріп жүр.

Ұлттық банк пен Үкімет банктер-дің ақшасын экономикаға барынша тартудың тиімді тәсілдерін табуы қажет. Енді бұл мәселені созуға болмайды, шұғыл шешу қажет.

Банктер туралы заң қабылдау осы бағыттағы маңызды қадам болмақ. Бұл заңда экономиканың сұранысы мен технологиялық өзгерістер ескерілуі қажет.

Құжатта бәсекені күшейту, нарыққа жаңа қатысушыларды тарту, қаржы жүйесіндегі техноло-гияларды ілгерілету және цифрлық активтер айналымын ырықтандыру мәселелері қамтылуы керек. Үкімет Қаржы нарығын рет-теу агенттігімен бірлесіп, заң жобасын жан-жақты пысықтауы қажет. Депутаттардан осы заңды жыл соңына дейін қабылдауды сұраймын” – дейді, Мемлекет басшысы банктер арқылы экономика-ны дамытуға үміт артып.... Жыл соңына дейін күтелік. Бөлкім, банктер жағынан бір “жылымық” болар.

“ALATAU CITY” ӘКІМІ КІМ БОЛАДЫ?

Бір қалалар туралы оқығанымыз бар. Онда барып қоныстанғандар ақша ұстамайды, дүниеге қызықпайды, дін, тіл деген мәселе туындамайды. Баяғы өзіміздің коммунизм туралы түсінігіміздей “қабілетіне қарай еңбек етеді де, қажетіне қарай тытынады”.

Біздің елімізде де ерекше қала болғалы тұр. “Alatau Cityге” бардың ба, ондағы кереметті көрдің бе? Криптовалютамен төлем төледің бе дегендей, өзгерістер болмақ.

Цифрлық өмірге бейімделген бұл алғашқы қалада тұратын тұрғындар да өзгеше болатын сияқты. Бүкіл қызмет цифрланғаннан кейін адамның адамға тәуелділігі жойылады, жемқорлық болмайды деген жоба бар. Қандай болса да қала бола жатар. Жасанды сана арқылы қоғамның, адамдардың санасын түзетеміз деген сияқты цифрланған алғашқы қала арқылы қалаларды да өзгертпекшіміз. Бұл қалаға “цифрланған” өзгеше әкім керекі анық. Ондай бізде бар ма екен?

Қоғамды, қаланы жасаудан бұрын осы қалаға әкім кім болып баратыны қызықтыратыны анық. Өйткені, бұл қаланың қалай болмағы оны басқа-ратын әкімге байланысты екені белгілі.

“Алатау қаласы еліміздің жаңа іскерлік және инновациялық орталығы болуға тиіс. Жалпыұлттық маңызы бар осы жобаны жүзеге асыру үшін арнайы жер бөлінді, бастапқы жоспарлау жұмысы аяқталды, инфрақұрылымның негізгі желілері қосылды.

Жақында Қытайға барған сапа-рымда әлемнің жетекші компа-ниялардың құны миллиардтаған қаржы тұратын келісімдер жасап-ды. Шэньчжэнь жаһандық техно-полисін салуға қатысқан сондай компанияның бірі енді Alatau City жобасын жүзеге асыруға тікелей атсалысды.

Келесі қадам – Alatau City-дің мықты институционалдық негіздерін қалыптастыру. Қаланы ел Үкіметіне тікелей бағынатындай етіп, оған арнайы мәртебе беру туралы Жарлықты он күн ішінде әзірлеу керек. Содан кейін жарты жылдан асырмай, жеке заң қабылдау қажет. Құжатта қаланы басқару режимі, оның қаржылық моделі және басқа да маңызды мәселелер қамтылуға тиіс.

Арнайы құқықтық мәртебе – қалаға берілетін артықшылық емес, жобаның қағаз жүзінде қалып қоймай, нақты іске асуына қажетті шара немесе құрал екенін айта кеткен жөн.

Alatau City аймақтағы толық цифрланған алғашқы қалаға айналуға тиіс. Мұнда Smart City технологияларын қолданудан бастап тауарлар мен қызмет ақысын криптовалютамен төлеуге дейінгі жаңалықтың барлығы енгізілуі керек. Бұл қала Қазақстанның келешектегі келбетін танытпақ. Онда технологиялық өрлеуге және өмір сүруге барынша қолайлы жағдай үйлесім табуы қажет”. (Жолдаудан)

ҚЫМЕАТШЫЛЫҚҚА КІНӘЛІ – КРЕДИТ

Инфляция дегенді жаттап алдық. Құрғыр халықтың еңсесін бір көтертпей қойды. Зейнетақыға, жәрдемақыға бір 10% қосылып халық бір “жырғап қаламыз ба” дегенде ертеңіне қант-шайың кемі 12%-ға қымбаттап шыға келеді. Қымбатшылықтың қысқаны сондай, қымбаттағанды сезбейтін халге жеттік...

Ақшаны қанша үнемдегенде де, жинақтағанда да инфляцияны құyp жете алмайтындықтан да тапқанымызды онды-солды шашып, “төрт құбыласы түгел” бар адамдай шапқы өмір сүріп жүрміз... Ел инфляцияға қынжылмасын, ренжімесін деп “халық қамын ойлағандар” несие жолдарын көбейтіп қойды емес пе?

- “Бірақ қазіргі басты мәселе: жоғары инфляция экономикалық көрсеткіштер мен халықтың табысын «жұтып қойып» жатыр. Оның дайын тұрған шешімі жоқ, бұл – көптеген мемлекет бетпе-бет келіп отырған түйткіл. Мәселе бөріне ортақ болғанымен, ол біздің

жағдайда айрықша сезіліп отыр.

Осы макроэкономикалық құрсау-дан шығуымыз керек.

Қиындықтар күні кеше ғана пайда болған жоқ. Оны шешу үшін әлемдегі озық тәжірибелерді ескеріп, жұртқа ұнай бермейтін шаралар қабылдауға және оның жауапкершілігін көтеріп алуға дайын болу қажет.

Үкімет пен Ұлттық банк қазіргі қалыптасқан ахуалдың қиындығын ескере отырып, алдына қойған мем-лекеттік ауқымдағы міндетті біртұтас команда ретінде атқаруы керек. Қазір әркім көрпені өзіне қарай тартатын кез емес” - дейді, Жолдауда.

Өткенде осы кредит жайын жазғанымызда бір оқырман “бөрің қымбаттатып отырған – кредит. Кредитті толықтай алып тастаса бәрі арзандар еді” депті...

ЗАМАНАУИ САТБАЕВТАР ҚАЙДА?

Қазір экономикалық көзқарас өзгерді. Шикізатты шикізат күйінде арзанына сатқаннан гөрі, оны өңдеп, нарыққа өтімді өнімге айналдырып, қымбатына сатқымыз келеді. Әдет-төгідей өңдеу өнеркәсібінің осы уақытқа дейін оңала алмай келе жат-қаны бір бөлек әңгіме, оған қосым-ша жер қойнауының қазіргі мүмкін-діктері ашылмай жатыр. Ашатын зерттеушілер, ғалымдар өзі бізде бар ма деген сұрақтар қоғамда жиі қойылып жүр.

- “Тағы бір маңызды міндет – геологиялық барлау жұмыстарын күшейту. Елімізде ауқымды аэро-геофизика зерттеулері өбден ескірген. Цифрлық құралдарды пайдалана отырып, жер қойнауы-ның заманауи картасын жасайтын уақыт келді. Мұндай қадам кен орындарының әлеуетін жаңа сапалық тұрғыдан бағалауға мүмкіндік береді. Бұл жұмысқа да халықаралық сарапшыларды тартуға болады. Өрине, ғылыми негізі болмаса, барлау жұмысын ойдағыдай жүргізу мүмкін емес.

Келесі жылдың ортасына дейін озық халықаралық стандарттарға сай сертификаты бар зертхана ашу керек. Оны Ұлттық геологиялық қызметтің базасында құрған жөн.

Жер қойнауына қатысты мәліметтің бөрің, ең алдымен, жасанды интеллектіні енгізу арқылы жүйелеп, цифрландыру қажет.

Геологиялық барлау және жер қойнауын игеру саласындағы реформалардың заң жүзіндегі және іс жүзіндегі рәсімдерін жыл соңына дейін аяқтау керек” – дейді Жолдауда.

Жасанды сана ұлт мүддесі үшін Сатбаевтардың жасағанын жасай алса болғаны ғой. Бұл Президенттің Жолдаудағы екінші міндетінің түйткілді тұсы болып тұр.

ТІРЕКТІҢ ӨЗИНЕ ТІРЕК КЕРЕК?

Ауылда тұрып, өмір суру үшін ең керекі жер. Жер болған күннің өзінде де су керек. Сусыз өмір жоқ деп жүргенімізде, онсыз өнім жоқтығына да көз жеткіздік. Ауыл өнімін өндіру оңай көрінгенімен машақты көп. Содан да ауылға деп қаншама қаржы бөлінгенімен өзірге нәтиже көңіл-дегідей емес. Ауыл азаматтары ауыл-да егін егіп, мал бағып, тірлік жасап, өнім шығару орнына, қалада такси болып, немесе құрылыста қала салып жүр. Ауылдағылар өнім өндіретін цех ашқаннан гөрі зейнетақыға, жәрдемақыға лайықтап зат сататын дүкен ашқанды қолайлы көреді.

Ауыл – ел тірегі деп ұрандатқанымызбен сол тіректің өзіне тірек керек болып тұрғанын түсінгенде, сол жерге тіреліп қалатының анық.

“Елдегі азық-түлік нарығының импортқа тәуелділігін барынша

ЖОБА	ПРОЕКТ
КӨШЕГЕ АТАУ БЕРУ ЖӘНЕ ҚАЙТА АТАУ ТУРАЛЫ «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасы 1993 жылғы 8 желтоқсандағы №2572-XII Заңының 14-1 бабына және Облыстық ономастика комиссиясының 2025 жылғы 26 тамыздағы №2 санды қорытындысына сәйкес ШЕШТІ: 1. Аққұм ауылдық округі, Шижаға ауылындағы Шижаға көшесі «Бірлік» атауымен қайта аталсын. 2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі. Аққұм ауылдық округінің әкімі Н. ЖАНДАУЛЕТОВ	О НАИМЕНОВАНИИ И ПЕРЕИМЕНОВАНИИ УЛИЦЫ В соответствии со статьей 14-1 Закона Республики Казахстан «Об административно-территориальном устройстве Республики Казахстан» от 8 декабря 1993 года № 2572-XII и заключением № 2 Областной ономастической комиссии от 26 августа 2025 года РЕШИЛ: 1. Переименовать улицы Шижага с названием «Бірлік»в селе Шижага сельского округа Акқұм. 2. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования. Аким сельского округа Акқұм Н. ЖАНДАУЛЕТОВ

«МҮГЕДЕКТІГІ БАР БАЛАЛАРДЫ ҮЙДЕ ОҚЫТУҒА ЖҰМСАЛҒАН ШЫҒЫНДАРДЫ ӨТЕУ» МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТІН КӨРСЕТУ

Үйден оқитын мүгедектігі бар балалардың үйде оқытуға жұмсалған шығындары жергілікті бюджет есебінен өтеледі. Бұл төлем отбасының табысына қарамастан мүгедектігі бар балалардың ата-анасының біреуіне немесе өзге де заңды өкіліне беріледі.

Шығындарды өтеу өтініш берілген айдан бастап мүгедектігі бар баланы үйде оқыту фактісін растайтын оқу орнынан анықтамада көрсетілген мерзім аяқталғанға дейін жүргізіледі.Яғни, ағымдағы оқу жылына (қыркүйек-мамыр айларына) тағайындалады.Үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеудің мөлшері әр мүгедектігі бар балаға ай сайын үш айлық есептік көрсеткіш көлемінде тағайындалып, токсан сайын төленеді.

«Үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу» мемлекеттік қызметін алу үшін өтініш беруші Мемлекеттік корпорация арқылы немесе «e-gov» порталы арқылы уәкілетті органға өтінішпен жүгіне алады. Өтініш беруші ақпараттық жүйеде мәліметтер болмаған кезде келесі құжаттарды қоса тапсырады:

1) дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы;

2) мүгедектігі бар баланы үйде оқыту фактісін растайтын оқу орнынан анықтама.

«Үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу» туралы өтінішті қабылдаудан мына жағдайларда бас тартылады:

- өтініш беруші ұсынған құжаттардың немесе қамтылған деректердің дәйексіздігі;
- көрсетілетін қызметті алудыңының немесе ұсынылған материалдардың, деректер мен мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;
- уәкілетті мемлекеттік органның мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті келісімі туралы сұрау салуға теріс жауап, сондай-ақ сараптаманың, зерттеудің теріс қорытындысы;
- өтініш берушінің «Дербес деректер және оларды қорғау» туралы Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін колжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы.

Ж. ДҮЗІМБЕТОВА

Сырдария аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бас маманы

ЖАҢҒАРТАДЫ...

азайту – Үкіметтің стратегиялық міндеті. Өрине, өзімізді өзіміз жүз пайыз қамтамасыз етуіміз мүмкін емес, бәлкім, оның қажеті де жоқ шығар. Бірақ нарықтағы қазіргі жағдайды айтудың өзі ұят. Бұған қоса, дәстүрлі ұлттық өнімдерімізді сыртқы нарыққа бөлсенді түрде таныту керек.

Сондықтан аграрлық экспорттың нақты жоспарын әзірлеу қажет. Онда логистика, ветеринарлық және фитосанитарлық стандарттар мен ұтымды маркетинг стратегиясы ескерілуге тиіс. Бұл – Ауыл шаруашылығы министрлігінің ғана емес, бірқатар мемлекеттік органның ортақ міндеті. Сондықтан іс-әрекеттерді Үкімет басшылығы деңгейінде үйлестіріп отыру керек.

Үкімет Еуразия аумағындағы сауда-саттықтың өділ жағдайда жасалуын нақты дәлелмен талап етуге міндетті. Ал депутаттар заңнамалық бастамалар арқылы отандық өнім өндірушілердің құқықтарын қорғауға тиіс.

Еуразия экономика одағына мүше басқа мемлекеттердің кәсіпорындарымен салыстырғанда, біздің кәсіпкерлеріміздің қажетті мөлшерде мемлекеттік қолдауға ие болмай отырғаны анықталды. Сол себепті олар тиімсіз жағдайларға тап болып, ішкі нарықтың өзінде бәсекелестеріне есе жіберіп жатыр. Бұл жерде сүт өндірушілер туралы сөз болып отыр”.

Өңгіме бұл жерде сүт өндірушілер туралы болып тұрғанымен, мәселе ауылдағы елдің бөріне ортақ болып тұр.

ЖЕРДІ ҚАЙТА БЕРУГЕ ӨКІМДЕР ҚҰЛЫҚСЫЗ БА?

Жолдауда: - Жер – стратегиялық ресурс. Оның бар игілігі елді дамытып, халықтың тұрмысын жақсартуға арналуы керек. Мен игерілмей бос жатқан және заңсыз алынған ауыл шаруашылығы жерлерін кері қайтарып, оны қайта бөлу туралы тапсырма бердім. Жер иесіз қалмауға тиіс, жерді тек қана оның қадірін білетін азаматтарға беру керек.

2022 жылдан бері жалпы аумағы 13,5 миллион гектардан астам жер қайтарылды. Бірақ өкімдер соның 6 миллион гектарын ғана жаңа жер игерушілерге бөліп берген. Иесін тапқан жер өндірістің ошағына, инвестиция көзіне, қайнаған еңбектің ортасына айналуы қажет. Бұл – анық нәрсе. Сондықтан өкімдер қайтарылған жердің бәрін келесі жылдың ортасына дейін тұрақты айналымға енгізуі керек. Бұл шара арқылы жайылым тапшылығы мәселесі де шешілуге тиіс.

Жалпы, жер қатынастарына қатысты заңсыздық пен қағазбастылықты жою қажет. Сол үшін ауыл шаруашылығы жерлерін беру тәсілдерін түбегейлі өзгерту керек. Осыған орай, жерді бөлуге қатысты шешім цифрлық форматта, электронды конкурстар арқылы қабылдануға тиіс. Үкімет жыл соңына дейін заңнамаға тиісті өзгертулер ұсынуы қажет” - дейді.

Сұрақ туындайды: қайтарылған жердің жарыға жуығы ғана жерді пайдаланушыларға берілген. Жарыдан астамы бос жатыр. Елде жерге сұраныс жоқ па? Өлде жерді елге беруге өкімдер құлықсыз ба?

Өкімдер бермесе бермей-ақ қойсын, енді Жолдаудан кейін жерді халыққа цифрлық технология береді. Тек жер басында отырған “алпыс айлағы” адамдар айласын асырып кетпесе болғаны.

Бұл – үшінші міндеттің үмітті тұсы. Жолдауда төртінші міндет болып отырған көлік-логистиканы одан әрі дамытуда, вагондар мен әуежай жайы әдемі айтылыпты.

“Жұрттың вагондардың жай-күйіне көңілі толмайды. Астанада вагон құрастыратын зауыт іске қосылды. Бұл осы саладағы өзекті мәселелерді шешу үшін жасалған маңызды қадам болды. Озық халықаралық стандартқа сай жабдықталған заманауи жолаушылар вагонын жасау шетел инвесторының қатысуымен қолға алынады. Соңғы жылдары авиация инфрақұрылымын жаңғырту үшін көп жұмыс істелді. Былтыр Алматы, Шымкент, Қызылорда қалаларында жаңа терминалдар ашылды. Жақында Зайсанда, Катонқарағай және Көңдірліде әуежай құрылысы аяқталады. Арқалық әуежайы қалпына келтіріліп жатыр.

шылығы ондаған жыл бойы қараусыз қалып, бірте-бірте оның жай-күйі өте мүшкіл жағдайға түсті”. Жолдауда осылай деп Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев өзіне дейінгі биліктің бас қателіктерінің бірін жаһанға жария етті. Расында да бұрыннан келе жатқан көнерген үйлерде бүгінде зейнетке шыққан “баяғының” адамдары немесе бюджеттік мекемелер қызметкерлері тұрады.

Тұрмыс жағдайы жақсы, ақшасы, кәсібі барлар азып-тозғанды неғылсын. Олардың элиталы өз үйлері бар. Аздаған айлығын шайлығына әрең жеткізіп жүргендер пәтерін әрең дегенде әрлеп, сырлап ұқсатып отырғанда өкіре, шатыр, есікалды дегенді қайдан ескерсін.

Сол үйлерге жарық беретін жарық көзінің, су беретін су көзінің, жылу беретін жылу көзінің де жарамсыз жағдайына жылдар бойы көз жұма қарағанның кесірінен соңғы жылдары бірінен соң бірі жарылып жатыр. Ама

Жарлыққа қол қойдым. Бұл құжат бизнестің мүддесін ескере отырып, барынша ашық реттеу үлгісіне көшуіне негіз болды. Бірақ Жарлық толық орындалмай отыр” дейді. Жалпы Жолдауда айтылғандай: “Қазір өлімізде 21 кодекс, 300-ден астам заң бар. Оларға тым көп түзету енгізілген. Кейбір нормалар бір-біріне қайшы келіп жатады. Түптеп келгенде, осының бәрі бизнестің дамуына кедергі келтіріп отыр.

Заңнаманы түгел тексеріп, зерделеп шыққан жөн”.

Енді жасанды интеллектінің де керек жері осы. Ол заңнаманы түгел тексеріп, зерделеп шығуды “жылдам, өрі тиімді жүзеге асырады”.

ЖЕТІНШІНІҢ ЖҮП АУЫР...

Өрине, Жолдауда жүктелген жеті міндеттің қай-қайсысының да салмағы ауыл. Дегенменен, жетінші міндет жалпылай жалпы қауымның

Бағзы заманнан отбасы бірлігін ұстаным ететін бүгінгі қазақ қоғамында ажырасу көбейді. Тіпті алдымызға ел салмай келеміз. Тағы да халықты кіріспен қамтамасыз етуге оңай жол таңдаған Үкіметке келіп тірелмеске амал жоқ. Тоқаевтың өзі де - “Кезінде біздегі әлеуметтік саланың жанашырлары” толық емес отбасы деген жеңілдікке мұқтаж адамдар санатын ойлап тапқан өді.

Соның салдарынан, ажырасқан отбасылар саны күрт өсіп, біз бір кезде бұл көрсеткіш бойынша әлемде «көш бастаған» елдердің қатарына қосылдық. Мұндай мысалдар аз емес. Осылайша, біз өзіміз жалқаулық пен масылдыққа жол беріп отырмыз.

Отбасы мүшелерінің барлығы дерлік нысаналы әлеуметтік көмек пен жәрдемақы алатын болса, жұмыс істедің не қажеті бар?

Турасын айтсақ, әлеуметтік салада оңтайлы шешім қабылдаудың орнына, Үкімет кемінде 15 жыл бойы әлеуметтік масылдық пен әлеуметтік алаяқтыққа жол беріп келді” - депті.

САМОКАТ – ҰСАҚ-ТҮЙЕК ЕМЕС...

Адамға тажал темірден келген заманда өмір сүріп жатырмыз. “Бұл дүниеге қоңақпыз. Бүгін бармыз, ертең жоқпыз, кім білген” деп өз-өзімізді жұбатып қоямыз.

Заманды темір билегеннен кейін, темірге тәуелді болатының да рас. Баяғы “мінсең көлік, сатсаң – ақша, саусаң – сүт” жылқы бүгінде көлікке ауысты. Өзін-өзі қамтығандар қатарында табыс тауып, отбасын асырап жүргендер арасында таксистер, шопырлар аз емес. Олар қала мен қаланы, ел мен елді байланыстырып, тіпті баяғы “Жібек жолы” керуенін жалғастырып та жүр. Бұл – жақсы жағы. Жолдауды оқысаңыз: - “Халықтың өмірі мен денсаулығына тікелей әсер ететін тағы бір түйткіл, бұл – жол қауіпсіздігі.

Мен былтырғы Жолдауда бұған арнайы тоқталдым. Өрине, біраз шаруа жасалып жатыр. Соған қарамастан көлік апаттары азаймай тұр. Жыл басынан бері 22 мыңнан астам жол-көлік оқиғасы тіркелген. Шын мәнінде, көп нәрсе көлік жүргізушілерінің өзіне байланысты, себебі жол ережесін бұзатындау аз емес. Жылдамдықты асырмау, жол ережесін бұзбау – ең басты және маңызды талап.

Әрбір адам өз өміріне және айналасындағы адамдардың қауіпсіздігіне жауапты екенін сезінуге тиіс. Көліг жүргізу мәдениетін бүкіл қоғам болып қалыптастыру қажет” деп, Мемлекет басшысы жаман жағын да айтты.

Сондай-ақ, “электросамокаттарға назар аударған жөн. Бұл тақырып қоғамда қызу талқыланып жатыр.

Екі жыл бұрын жаяу жүргіншілер жолымен жүруге шектеу қоятын заңнамалық өзгерістер енгізілді. Бірақ қоғамдық орындардағы ахуал өзгере қойған жоқ, өлі де азаматтарға қауіп-қатер төніп тұр.

Қазір бұл саланы реттейтін заңға түзетулер әзірленді. Оны көп созбай қабылдау керек. Әрбір азаматтың, әрбір баланың өмірі қымбат. Бұл мәселеде ұсақ-түйек деген болмайды. Түптеп келгенде, мұның әрқайсысы – Қауіпсіз Қазақстанды құру жолындағы маңызды қадамдар” деген Жолдаудағы жолдарды оқығанда самокат та ұсақ-түйек емес, жаяу жүргіншілер өміріне әжептәуір қауіп екенін аңғарасыз.

Президент осы Жолдауда айтқандай “Осы жеті міндет те Қазақстанның одан әрі дамуы үшін айрықша маңызды”. Өрі “олар елімізді цифрлық жаңғырту ісімен тығыз байланысты”.

Бұл жобалар аймақтардың экономикалық бөлсенділігін арттыруға ықпал етеді, жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді, сондай-ақ басқа да бірқатар саланың дамуына серпін береді. Сондықтан бұл жұмыс өз жалғасын табады”.

(Жолдаудан). Жол – экономиканың қайнар көзі деп, темір жол, көлік жолы болмасын жақсы жолдар сапасы жақсарып жатқаны жүрекке жатты. Алайда темір жол вокзалдарындағы, әуе компанияларындағы төмен қызмет сапасы халықты қынжылтып отыр. Үкіметтің бар жақсылығын пайдаланып отырған меншік иелері – қызмет көрсетушілер сапалы қызметімен ел алдында Үкіметтің де өздеріне дайын инфрақұрылым жасап беріп отырған жақсылығын асыруы керек. Өйтпесе жақсарған жолдар, заманауи көліктер жол бойындағы кірістің үстінде отырғандардың сапасыз қызметінің тасасында қалып қояры сөзсіз.

Сондай-ақ негізгі дәліздер аясында автомобиль жолдарын дамытуға баса мән берген жөн. Қазір өлімізде 13 мың шақырым автокөлік жолдары салынып, жөнделіп жатыр. Жол салған кезде транзиттік дәліздердің мән-маңызына баса көңіл аударған жөн. «Сексеуіл-Бейнеу» жолының құрылысын тездету керек. Осы жолдың арқасында Қазақстан аумағы арқылы Қытайдан Еуропаға жүк тасымалдау мерзімінің үштен бірі қысқарады. (Жолдаудан).

ЖЕКЕГЕ БЕРІЛЕДІ?

“Үкімет пен жергілікті атқарушы биліктің әрекетсіздігі салдарынан еліміздің тұрғын үй-коммуналдық шаруа-

жоқ, қайта жөндеуге, жаңадан қайтадан салуға халықтың ортақ қазынасынан шеміштеп ақша шығырып, қасықтап абырой жинап жатқан қазіргі Үкіметтің әрекеті амалы жоқтықтың айқын көрінісі.

Жолдауда Мемлекет басшысы бұл тарапта: - “Кейбір тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы нысандарын өкімдіктердің қарамағында сақтап қалу қажет пе, жоқ па деген мәселені жаңаша зерделеген жөн. Жеке коммуналдық нысандарды мемлекет меншігіне алу – даулы мәселе. Оның бәрі ерте ме, кеш пе, қайтадан жекеге өтеді. Сондықтан мемлекет бұл саланы бақылап, реттеумен айналысуға тиіс. Ал оның инфрақұрылымын жаңғырту және жаңа технологияларды енгізу – жеке сектордың шаруасы” - депті.

ЖАРЛЫҚ НЕГЕ ТОЛЫҚ ОРЫНДАЛМАЙДЫ?

Жолдаудағы алтыншы міндетте кәсіпкерлер елімізді цифрлық дамытудың қозғаушы күші болуға тиіс делініпті. Елімізде 2000000-нан астам шағын бизнестің өкілдері бар десек, соның ішінде өнім өндіретіндер 6% ғана екен. Таңқалмасқа шараң жай бар. Кәсіпкерлеріміз де өзгеше ғой “өңменден” өнім өндіретіндердің аз болатын жөні де бар. Өйткені біздегі көп кәсіпкерлер көбіне грант қаржысын игеретіндер. Статистиканы орындап тұрған олар айналдырған 1 млн. мен 1,5 млн. айналасындағы грант қаржысына айнала толып жатқан макулатурадан әжетхана қағазын шығаруы мүмкін, алайда шикізаты айнала шайылып жатпаған кір сабын шығара алмасы анық.

Мемлекет басшысы: - “Былтыр мен «Экономиканы ырықтандыру жөніндегі шаралар туралы”

жетіспеушілігін жүктепті. Бірқатарына тоқталайық:

Еліміз тұрғындары әсіресе жастары үшін “арман қала” біреу емес, екеу. Бірі – Алматы, екіншісі – Астана. Кейінгі кездері Алматыдан гөрі Астананы армандайтындар көбейіп кетті десек қателеспейміз. Қоныс аударып жатқандардың қатары көбейіп, қазірде Астана “халық саны ресми 1,5 миллион адам болғанымен, оның инфрақұрылымы іс жүзінде күн сайын 1,9 миллион адамға қызмет көрсетіп жатыр” екен.

Мемлекет басшысы Жолдауда: - “Кейбір облыс өкімдері корпоративті салықтан түскен қаражатты көше бойындағы тас тақтайшалар салу сияқты тиімсіз жобаларға шашудан өріге бармайды. Өрине, содан соң жұрт әлеуметтік қызметтері мен жеңілдіктері бар Астанаға қарай ағылады” - дейді.

Тоқаев бекерге айтпайды... Демек мәселе орын алып отыр.

ЖӨРДЕМАҚЫМЕН ЖАН БАҚҚАНДАР ЖҰМЫС ІЗДЕЙДІ МЕ?

Жасыратын несі бар, Үкіметке сеніп алған көп жұрттың мемлекет тарапынан берілетін жәрдемақы, төлемақыларымен жан бағып отырған жайы бар. Осы Жолдауда Қ.Тоқаевтың “Мемлекеттің көз алдындағыдан басқаны көрмей, бөріне көне беретін әлеуметтік саясаты жүзден астам түрлі жеңілдіктің пайда болуына әкеп соқтырды. Осы жеңілдіктерді өперемін деп «көмек қолын» созатын жылпостар да көбейді” дегеніне қарағанда, жәрдемақылармен жан бағып отырған көп жұрт кіріс көзін іздегіріп, жұмыс істеп табыс табу керек шығар.

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҰЛТ МАҚТАНЫШЫ

Сан қилы салада еңбек еткен Алаш арыстарының саны өте көп. Оларды әмбебап болуға үйреткен – заманы. Ұлт мәселесі талқыға түскен заманда елді қалай болмасын біртұтас қылуды мақсат еткен алаштықтардың есімі еске оралғанда, Ахмет атамызға соқпай кету – үлкен сын. Бар ғұмырын халық жолына арнаған Ахмет Байтұрсынұлы халықтың тілі мен өзіндік мәдениеті қалыптасқанда ғана елдің ертені жарқын боларына үлкен сенім білдірді. Ұлт болмысын сақтап қалу үшін әрбір салаға өлшеусіз үлес қосты.

Ахмет атамыз жайлы жазбау, Алаш ұрпақтарына үлкен сын. Оның ерлігі, азаматтығы, адалдығы, отансүйгіштігі талай азаматтың бойына шабыт беріп, жанына қуат сыйлады. Ахмет ақырғы сәуле көзден жылт еткенше қазақ деп, Алаш деп өтүмен болды. Бұл сөзімізді Сәкен Сейфуллиннің «Өзге оқыған қайраткерлер атақ жүргенде, ұйқыдағы қара халықтың жоғын жоқтап, мұн —мұқтажына көңіл бөлген Патшалық Ресей заманында бар ғана тұрға болды, ол — Ахмет Байтұрсынұлы болатын», — деген сөзі ағасына деген шынайы пейілмен айтылған інілік көзқарас болатын. Сол кезеңдегі бар ауыртпашылықты арқасына артып, бойына қазықтықты сіңірген Ахмет

атамыз – бүгінгі ұрпақтың кемеңгері. Оның әр істеген ісі, әр сөзі келешек ұрпақтың санасында мәңгілік оттай жанып жатқан. Өр қазақ Аханның аманаттаған сөзін арқалап, жетер жеріне дейін жеткізері анық.

Ахаң – ұлттың ұстазы, халық жанашыры. Ахметтің артында қалдырған еңбектері, келешек ұрпақтың аманаты, жемісі. Бүгінгі ұрпақ А.Байтұрсынұлы бастаған Алаш азаматтарына қарап бой түзейді. Оның өмір жолы ауыр да, азатты болды. Аласапыран кезеңде Алаш жұртына түзу жол көрсетіп, дөңселенген дүниеден қазақтың өз үлесін алып беруді көздеді. Көкірек көзі ашық, көңілі көлдей қазақ жастары Ахмет атамыздың артынан еріп, ақылын тыңдап, автономия құрды. Ахмет Байтұрсынұлының басшылығымен қазақ зиялылары қазақтың шекарасын бекітіп, керегесін кеңейтіп, әдебиетінің іргесін қалады. А.Байтұрсынұлы — ұлт мақтанышы. Оның әр еңбегі бүгінгі ұрпақтың болашағы үшін жазылған. Асыл азаматтың алтын қаламынан тамған ақ өлеңдей сөздері ұлт жалынды. Ахмет атамыздың аудармалары – түпнұсқадан ерекшеленіп, өзгеше өң мен бояу арқылы жаңа бір өнер туындысы деңгейіне дейін көтерілген көркем туындылар. Оның Крыловтан аударған мысалдары барлығымызға етене

таныс. Қазақ тілінде теңеулер жайлы ең алғаш пікір айтқан Ахмет Байтұрсынұлы еді. Аударма саласының үздіктеріне Пушкин: «Аудармашылар – ұлттық ағарту ісінің негізгі күрөтамырлары», — деп баға берген.

Аударма жайлы түрлі-түрлі анықтамалар берілген. Солардың ішінен ең ұғынықты анықтама ретінде мына бір нұсқасын қарастырып отырмыз: «Аударма – ұлт пен ұлтты, мәдениет пен мәдениетті жақындастырудың рухани құралы». Ұлттың әр жағын қозғасаңыз тіл шығады, тіл – ол халықтың рухы, ұлттың жаны. Ахмет Байтұрсынұлы қаламынан туған екі сөздің бірінің негізгі идеясы – ұлттық идея

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тіл білімінің іргетасын қалап, әдебиеттанудың негізін қалыптастырды. А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» еңбегі жайлы З. Ахметов «Әдебиет танытқышта» қазақ өлеңінің ырпақтық құрылыс-жүйесін айқындайтын өлең сөздің бұнақ, тармақ, шумақ сынды категорияларының алғашқылытасқандығын атап айтады. Ахметтің «Әдебиет танытқышы» еңбегі – қазақ әдебиеттануының алғаш қаланған іргетасы еді. Оны әрмен қарай қазақ ғалымдары жалғастырып, бірізділікке салды.

Ахмет Байтұрсынұлы жазған «Тіл – құралды»,

«Оқу құралы», «Тіл жұмсар», «Жаңа әліпби» еңбектері бүгінгі ұлттың асыл қазынасы. Бұл еңбектердің барлығын бүгінгі күнде бір институт атқара алмайтыны анық. Ахмет жазғандай ұлттық құндылықтарымызды болашаққа дәріптейтін оқулықтар көп болған жағдайда ғана елдің ертені жарқын болмақ. Ал, ұлттық болмысынан айрылған елдің ертені бұлыңғыр. Өз заманында елінің бағы үшін туылып, елінің жоғын түгендеумен өтетін есіл ерлер қашанда туылары сөзсіз. Бірақ та, Ахмет қазаққа жалғыз. Оның жазған бір мысал өлеңінің өзі бір ұрпаққа қырық жыл азық боларлық үлгі, қайталанбас өнеге. Асыл мен жасықтың, саф алтын мен сары жездін айырымын ажырата білетін ұрпақ Ахметтің жасаған көзсіз ерліктеріне, ғылыми ізденістеріне, ғаламат аудармаларына, отты көсемсөздеріне ғылыми тұрғыдан лайықты бағасын береді деп сенеміз. Бар ғұмырын ұлтының болашағы үшін қиған, өз кіндігінен тараған ұрпағы болмаса да, әр қазақ баласы кішкене болсын білім мен өнер үйренсін деп, ауыр да азатты, қамшының сабындай ғұмырын ғылым жолына, ұлт жолына арнаған Ахмет Байтұрсынұлы – біздер үшін идеал тұлға! Ұлтты сүйсеніз, Ахметтей сүйіңіз! Бұл сөзді қайта-қайта айта беруден жалтықпассыз.

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты

Осы хаттың артынан іле-шала тағы бір хат келді. «Өткен хатымда сенің Смағұл жайлы сұрағыңа жауап бере алмап едім. «Ол қайтып соқпады ма?» депсін. Ол келе қалса соңынан еріп жүре береді ғой деймісін? Бірақ, мен оны да кінәламаймын, не деп кінәлаймын? Ол маған қызықты, мен қарсы болмадым. Ол ойындағысын орындап өз жөніне кете барды, мен қайғы үстіне қайғы жұтып қала бердім. Егер оған ықылас білдірмесем бұлай болмас еді ғой. Тегі, мен өмір сүре алмайды екенмін. Құдай-ау, ес білгеннен бері «енді бұлай етпеспін» деп опынумен келемін. Адам баласы мың жасаса да үйренумен өтеді ғой деймін. Міне, енді сол ақымақтығыма, сол дәрменсіздігіме күйініп, бармағымды тістеп отырымын. Өз обалым өзіме!.. Смағұлдың соңғы рет келгенін айтпай-ақ

ақ көп екен. Одан қала берсе екі көзі жәудіреп, мейірімділікті пәтерші иесінен ғана күтіп есік алдында байлаулы төбет жатыр. Сатып алушы да табыла қоймады, бәрі қымбатсынып, иығын бір қозғайды да, еркек болса әйеліммен, әйел болса күйеуіммен ақылдайсайын деп кетіп, сол кеткеннен мол кетеді.

Бір күні заводта жиналыс болып, үйге қас қарая оралдым. Сыртқы қақпаны ашып жатып терезедегі жарықты көрдім. Үйде біреу бар ма, әлде ұмытып, өшірмей кеттім бе екен? Мен тез-тез басып, таныс басқыштың екі-үшеуінен бір-ақ аттап, есікті жұлқа ашқанымда, өз көзіме өзім сенбей, босағада қимылсыз тұрып қалдым. Өз үйінің суық еденін құшақтап, Құлахмет ағай етпетінен түсіп жатыр екен. Мен кіріп келгенде ол орнынан атып тұрып, маған

— Мен... мен әлі керек екенмін ғой, - деді сыбырлап.

— Мені ұмытпапты, Сапар... Көмескі болса да менің өмірімнен бір із қапты. Мен енді өкінбеймін!

— Түсіндіріп айтыңызшы, Құлахмет ағай, не деп жатырсыз?

Ол плащының омырауын жаймен ысырып, костюмінің кеудесін ашты. Мен оның омырауынан жалт-жұлт еткен медальді көрдім. Жеңістің жиырма жылдығына берілген кәдімгі медаль!

Осы бір оқиға Құлахмет ағайдың бүкіл болмысына өзгеріс енгізіп, бойына жаңа күш, жаңа қайрат қосып кетті. Осыдан бастап ол ынылдап ән айтып, көңілді жүретін болды. Күні бойы тыным таппай, алма ағаштарын суарады, шөбін

осындай әділетсіздіктің бар екенін іштен біліп тусын. Ол мұндайды қайталамас. Мен оны сол үшін туамын, сол үшін өсіремін. «Осылардың пәтеріне мені айдап келген қай құдай» деп өкініп жүрген де шығарсың. Мазанды алсам кешіргейсің. Бірақ, сенің ойыңда арамдық жоқ екенін жақсы білемін. Құлахметке барып, аяғына жығылып, кешірім сұрамакпын. Сау бол. Баяғы Сафура ғой?»

Бұл — мен үшін аспаннан түскендей күтпеген хат болды. Оқып біткенімде қайда екенімді, қайда барарымды білмей, есептіреп тұрып қалдым. «Сафура келеді! Сафура кешірім сұрайды, Құлахмет ағайдың аяғына жығылады!» Құдай-ау, өң бе, түс пе? Ол шынымен келе ме, шынымен кешірім сұрай ма? Мен хатты қайта ашып, әлгі жерді тағы бір рет оқып шықтым.



Растығына көзім жеткен соң үйге қарай құстай ұштым. Қақпа алдына келгенімде есімді енді жиғандай есік тұтқасына қолымды соза беріп, қалт тұра қалдым. «Янырмау, мен сонша неге асықтым, неге қуандым? Әйеліңіз басқа біреуден жүкті екен деп сүйінішті сұрағалы келемін бе? Күйеуінің адал жанын адақтап, жігерін құм, намысын түл етіп кеткен Сафураның қайтып келіп, одан кешірім сұрап, аяғына жығылмақ ниетін Құлахмет ағай қабыл ала қояр ма екен? Мұны ойламастан хатты оқып бола салып, осында жетуге неге асықтым, неге ынтықтым? Жо-жо-оқ, Құлахмет ағай... ол... ол кешіреді, сөз жок кешіреді. Әйеліне деген бұрынғы күйреген сезімінің арасында әлі де болса жылытпап тұрған көмескі сәулені өшіре салуға қия алмай және сол әлсіз сәулені ұлғайтып, оны «кештім» деуге өзгелерден жасқанатын Құлахмет ағай жүрек түбіндегі шалажансар нәзік ойын амалсыз қағаз бетіне түсіріп қана көңіл жұбатып келген шығар. Мейлі, не болса да оған айтуым керек. Әйелін біржолата ұмытқан адам оған онаша отырып хат жазбас».

Мен қақпаны асығыс ашып ішке кіргенімде Құлахмет ағайдың үйіге әлі келмегенін білдім. Күн еңкейіп, алма бұтақтарының арасынан сығалай қарап батып барады. Алма бастарынан үзіліп түсіп жатқан жұлар иісті әппақ гүлдер алғаш өткен ақша қардай бақ ішін ақ шәлімен жауып тастапты. Мен оны тықырышып ұзақ күттім. Әр минутым жылдай боп, үйге бір кіріп, бір шығумен болдым. Ақыры сыртқы қақпа тарс етіп жабылғанда орнымнан атып тұрдым.

Біз есік алдындағы шайлада отырымыз. Құлахмет ағайдың құлағы менде, ал мен түйдек-түйдек боп көмейге тірелген сөздерді қалай сыртқа шығаруды, неден бастауды білмей, сипақтап отырымын.

— Күлкее, - дедім бір кезде терең күрсініп... — Сіз... сіз кешіріңіз мені...

— Жо-оқ, - деді ол сөзімді бөліп.

— Сен менен кешірім сұрамай-ақ қой.

Сен не деп кешірім сұрамақсың, әлде мені тастап кетпектісің?

— Жо-оқ мүлде олай емес, Құлахмет ағай. Менің сізге айтағым... Тіпті басқа...

Оның жүзінен күлкі қашып, екі көзі маған қалада берді.

— Сапар-ау, сенің қолың неге дірілдеп отыр, ауылың аман ба әйтеуір?!

— Аман, аман.

— Енді не, айтсаңшы тезірек! Әлде менің Нәзікетімнен жаман хабар...

— Айта көрменіз!

— Енді не, айтсаңшы жылдам!

— Сафура...

Ол орнынан тұра беріп, сылқ отыра кетті. Екі көзін менен алмай қимылсыз қалды. Әлден соң барып естілер-естілмес қана.

— Оған не бопты? - деді күбіреп.

...Мен болған жайды түгел айтып шықтым... Ол есінен айырылған адамдай ұзақ уақыт бойы отырған орнынан тапқырмады. Ләм деп тіл қаппады да. Менің бұл арада бар-жоғыммен де ісі болған жоқ. Бірнеше минуттан кейін:

— О, сорлы! - деді дірілдеп, — Мен сені бақытты болған шығар деп жүрсем...

Құлахмет ағай жүрегі ұстап, тенселіп құлап бара жатты. Мен столдан қарғып өтіп, оның қолтығынан демедім.

— Жібер, - деді ол ақырын ғана. — Қоя бер мені. Мен қуламаймын. Құласам да қайтып тұруға үйренгенмін, жібер. Мен оны қайта босатып, одан көз алмай тұрмын. Ол шыңдығында да құлаған жоқ. Сол орнында ұзақ, тенселіп тұрды да «өкел!» деп маған қолын созды. Оның не сұрап тұрғанын түсіне қойып, қолына хатты ұстата бердім. Ол арық саусақтарымен хатты ұмайдай ұстап қалтасына салды да, мас кісідей тәттіректей басып, өз бөлмесіне қарай беттеді. Құлап қалар ма екен деп, соңынан мен де жайлап жылжи бердім. Құлахмет ағай төсегіне түрс етіп құлап

түсті де, жастық астындағы Сафураға деп жазған хаттарын бұрқырата шығарып, оларды жалғыз қолымен мыжғылай берді.

Сафураның келуін Құлахмет ағайдың қаншалықты азапты арпалыспен күткенін еске алудың өзі қиын-ақ. Ол жұмыстан келген бойда шайла ішіндегі төсекке барып сулық түсіп, аспаннан көз алмай жатып алады. Кенет көрпесі өртенгендей орнынан ұшып тұрып, итке тамақ құяды, сол бойы үйге кірместен бақ ішінде түннің едәуір мезгілі болғанша сенделіп жүреді де қояды. «Пәлен поезбен шықтым» деп Сафурадан телеграмна келген кезде ол сабыранан мүлдем айырылып, адам танымастай өзгеріп кетті. Үйге бір кіріп, бір шығады. «Құдай-ау, ол неге келеді, неге мені азаптай береді! Менің жүрегім темір емес қой» деп

қояйын деп ем, ішіме сыймай бара жатыр. Иә, ол келген... Осыдан аттай жиырма күн бұрын ол күтпеген жерден кіріп келді. Қасында алыстан асқан, жалтыр бас жуан кісі бар. Олар шешініп, жайласып отыра бастады. Жуан семіздің май басқан көзі мені тескілеп, жеп барады. Түрі қандай жиіркенішті, түсіне кірсе шошытып оятардай. Смағұл оны әйтеуір бір ғылым-ның кандидаты деп таныстырған, қай ғылым екенінде менін шаруам не?

— Қазір шешем келеді, оған шейін шаруанды айт, - дедім.

— Менің саған айтпағым бір сөзбен біте қояр ма екен, Сафура, — деді Смағұл. — Ендеше, тағы да үш-төрт ай бірге тұрайық.

— Сен маған әлі өкпелісің ғой шамасы?

— О, о, не дегенің, саған не деп өкпеле-мекпін, құдайға шүкір, уақыттыңды бөліп үш-төрт ай бірге тұрдың, екіқабат болдым, енді саған аспандағы айды алып бер демекпін бе?

— Қойшы, Сафура, осындай әңгіме-лерді доғара тұрайықшы. Иә, халің қалай?

— Халің қалай дегенде өлім аузындағы сырқат та «жақсы» деп жауап береді.

— Нәзікет оқып жүр ме? Өз денсаулығың қалай?

— Сен мейіранб боп кетіпсің ғой.

— Саған жаным ашиды, Сафура. Сондықтан да арнайы іздеп кеп отырмын. Хал-жағдайыңды бір көріп, қолыңнан келсе қол ұшын бермек ем, ондай мүмкіндігім де бар сияқты.

— Рахмет! Маған қол ұшын бермеді екен деп, құдай сақтасын, саған ренжімеймін.

— Әйтсе де, мен саған бір ұсыныс жасағалы келіп ем. Қызың бар, сонан соң... көп ұзамай босанасың, осындай заманда оларды әкесіз өсіруге бола ма, жетім деген жақсы емес. Әрі... өзің де өң бермегенсің. Ерсіз тұра қоймайды ғой.

...Сонымен, ақырында ол маған не айтты десенші. Ол менің әлі кісіге, өңім түгілі, түсімде көруге жиренетін адамға тұрмысқа шығуымды тіледі! Не деген арысздық, не деген хайуандық! Мейлі, ол тіпті жер бетінде теңдесі жоқ әрі келбетті, әрі ақылды еркек бола-ақ қойсын, сонда да оның, Смағұлдың басына осындай барып тұрған жүреништі ой қалай келді десенші! Маған жаны ашып көлгірсіп отырғандағы түрі осы ма, оның бір кезде өзі сүйген, сүймесе де көңілдісіз болған әйелге көрсетер қамқорлығы мен жақсылығының сиқы осы ма, құдай-ау, осы ма?! Есіме түскен сайын егіліп, ызаға бұлығып өліп кете жаздаймын. Жыламай қайтерсің енді! «Адамбыз, адамбыз!» деп жүргенде жеткен жеріміз осы ма? Сорлы басым-ай, бақыт іздеп нең бар еді, одан да Құлахметті сүйіом керек еді ғой менің. Ол періште екен ғой, адам екен ғой ол. Міне, ең арысы өз күйеуімнің де қасиетін енді ұғынып отырымын. Барін де кеш ұғатын әдегіміз ғой. Смағұлдан әлгіндей сөзді естігенде жынанып кете жаздадым. «Іш қандайдай қинайды, күресерге дәрмен жоқ», өн бойымнан жан кетіп, кереуетіме сылқ түсіп отыра кеттім. ...Көзімді ашсам олар кетіп қалыпты. Есімді жиып, өзіме-өзім келген соң, онаша үйде көкірек шерімді жас қып ағызып, ебіл-дебіл боп еңіреп бір жыладым-ау! Айтпаспын деп едім, мұны да айтып салдым. Мейлі, әйтеуір біреу менің өмірімді егжей-тегжейлі білуі керек қой. Қош бол, жақыным, бауырым менің!».

Осыдан бастап Сафурадан үзбей хат алып тұрдым. Ол Нәзікеттің оқып жүргенін, өзінің денсаулығы онша маз емес екенін жазды. Ара-арасында: «Осы сен қашан үйленесің, бойдақ шал атанғалы жүрмісің» деп әзілдейді. Құлахмет ағайдан хат болмады. Тек агасынан: «Үй неге өтпей жатыр. Сату жағын тездетіңіз. Құлахмет екеуіміз машинаға кезекке тұрып қойдық» деген қысқа ғана хабар алдым. Онда да ол Құлахмет ағайдың денсаулығы, хал-жағдайы жайлы ләм демепті. Арада екі ай өтіп, көктем де шықты. Жалғыздығымды, икемсіздігімді енді сездім. Есік алдындағы бау-бақша дегеннің машақаты тым-

қарай ұмтыла берді.

— Бауырым менің, жақыным менің! Мен сені... мен сені кетіп қалған шығар деп ем... Осында екенсің ғой, иесіз тастамаған екенсің ғой...

Біз ұзақ көрістік... Сол түні екеуіміз де көз ілмедік. Өткен-кеткен әрбір оқиғаны бір-бірімізге жыр ғып айтып жатырмыз. Бұл түн — біздің тағы бір бақытты түніміз еді.

Бүршік атқан алма бағының арасын көктемнің салқын лебі аралап жүр. Аспанда шыпырлаған сансыз жұлдыздар.

— Өз шаңырағың қандай ыстық, — деді Құлахмет ағай аспанға қарап, пальтосын қолытана түсіп. — Мен анда жүріп сағыныштан жарыла жаздадым емес пе? Бәрі жатысның, тосырқап тұрған секілді. Ал мұнда... мұнда бәрі сұлу, бәрі жақын, тіпті, аспаны мен жұлдыздары да таныс. Шыңдығында да, бүгінгі түн тамаша еді. Салқын ауамен кеуденді кере дем алып, шыпырлаған жұлдыздарға, бүршік атып келе жатқан ағаш бұтақтарына, алдыңғы екі аяғына иегін қойып, көзін жұмып жатқан сары төбетке, алыста қарауытқан тауға қарап отырып жер бетінде өмір сүріп жүргендігін үшін, сол сұлулықтарды сезіне алатын адам болып жаралғаның үшін өзіңді бақытты сезінесің, жүрегіңе әлдеқайдан қуаныш құйылып жатқандай болады. Осындай сұлулықтың бәрін ақыры бір күні көре алмай, сезіне алмай мәңгі көз жұматының еріксіз еске түсіп, ақырын ғана күрсінесің. Мұндай сәттерде адам жаны тым нәзік, сезімтал, мейіранб боп, жүрегінде мысқалдай да реніш пен жамандық атаулығы орын қалмайды. Біз таң атқан соң қалжырап кеп, жылы төсекке қатарласып жата кеттік.

— Құлахмет ағай, сіз ол жаққа қайтып бармайсыз ба?

— Жок. Айтпақшы, үйді сатуға келісіп қойған жоқпын ба?

— Әзірге алушы табылмай жатыр.

— Жақсы болған екен. Ал, Әбсамат бар ғой, осы үйдің ақшасына екеуіміз машина сатып аламыз деп күтіп-ақ жүр еді. Бірақ, маған машинаның керегі не? Қой десем де болмайды жоқ, сен жаяу жүрсең шаршайсың, одан да машина алғанымыз жақсы, саған ол үйдің керегі қанша, бірге тұра береміз» дейді. Қайда-а-ан! Әйелі, бала-шағасы, өз жора-жолдастары бар... қиын ғой бірге тұру. Екі-үш айға әрең шыдаған жоқпын ба? Кетемін дегенімде Әбсамат қатты ашуланды. Ұрысты ма-ау әйтеуір, бірақ, бірін тыңдамадым. Ешқағысы вокзалға да шығарып салған жоқ.

Сол күні кешке көрші, қоландарды шақырып, Құлахмет ағайдың келу құрметіне кішігірім той жасап жібердік.

Біреуге шабан, біреуге шапшаң көрінетін күнде асықпай жетелеп біздің қалаға мамыражай көктемді жеткізіп тастады да, ертенін бүгінге, бүгінін тарихқа айналдырып, тоқтамастан ілгері жылжи берді. Құлахмет ағай келген күннің ертесіне-ақ мен Сафураға телерамажа беріп, ендігі хатты қалалық почтаға жіберіп тұруын сұрадым. Құлахмет ағайдың тыныштығын бұзғым келмеді. Өстіп жүргенде біздің үйіне де аспаннан түскендей күтпеген қуаныш сарт ете қалды. Бұл қуаныштың өзі Құлахмет ағай үшін біртүрлі өрескелдеу басталды: Әскери комиссариаттан шақыру қағазы келгенде ол: «Сапар-ау, мыналар мені әскерге тағы алғалы жүр ғой деймін» деп кеңкілдеп күліп алды да, иығын бір бұлж еткізіп қақпадан шығып кетті. Қайтып келгенінде мен оны танымай қалдым. Екі беті балбұл жанып, суалған жанарына әр кіріп, шексіз бақыттан басы айналған кісідей табалдырықтан аттай бере тенселіп тұрып қалды. Қалың тұман арасында жүргендей екі қолын қарманып, қарсы алдында тұрған мені байқамаған бойы өз бөлмесіндегі төсекке барып, шалқалап құлай кетті. Сол қалың төбелен көз алмай күлімсіреп ұзақ жатты. Әуелгі кезде мен мас екен деп ойлап қалдым. Ол мені дауыстап шақырып алды. Мен қасына жакындадым. Ол күлкісін тыйып, жүзіме тесіле қарап жатты да:

Сұрағым бар...

5 ЖЫЛҒА ДЕЙІН ҰЗАРТЫЛДЫ

Қазақстан Республикасының жаңа Салық кодексі 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді. Сонымен қатар, қолданыстағы Салық кодексіне әлеуметтік осал санаттарға жататын және тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделу ақысын төлеу үшін біржолғы зейнетақы төлемдерін (БЗТ) пайдаланған БЖЗҚ алушылары мен салымшыларының мүдделерін қорғайтын өзгерістер енгізілді.

Қандай өзгерістер енгізілді?

Әлеуметтік осал топтарға жататын тұлғалар біржолғы зейнетақы төлемдері түрінде салық салынатын табысқа стандартты салық шегерімдерін қолдануға құқылы. Олардың көпшілігі тұрғын үйге және (немесе) емделуге БЗТ алған кезде жеке табыс салығын (ЖТС) бірден төлеген. Сонымен қатар, 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап мұндай тұлғалардың БЗТ түріндегі салық салынатын табысына стандартты салық шегерімдері (882 АЕК шегінде) қолданылады. Бұл осы санатқа жататын алушылар БЗТ алған

күннен бастап үш жыл ішінде ЖТС қайта есептеу мен өтеуді қолдану үшін БЖЗҚ-ға тиісті өтінішпен және растайтын құжаттармен жүгіне алатынын білдіреді. Алайда, БЗТ-ны 2021-2022 жылдары алған адамдар әртүрлі себептермен бұл мүмкіндікті пайдалана алмады. Енді ҚР Салық кодексіне өзгерістер мен толықтырулардың қабылдануына байланысты 2025 жылғы 15 шілдеден бастап жеке тұлғалардың осындай өтініштері үшін белгіленген талап қою мерзімі 3 жылдан 5 жылға дейін ұлғайтылды.

ЖТС қайтару құқығын кім пайдалана алады?

ЖТС қайтаруға құқығы бар жеке тұлғалардың тізбесі қолданыстағы Салық кодексінде айқындалған. Бұл бірінші, екінші немесе үшінші топтағы мүгедектер, мүгедек балалардың ата-аналарының немесе қамқоршыларының бірі, бала асырап алушылардың бірі, жетім балалардың асырап алушы ата-аналары, соғыс ардагерлері және басқа санаттар. Мұндай азаматтардың толық тізбесі Салық кодексінің 346-бабында көрсетілген.

Қайда жүгіну керек?

БЗТ бойынша салық салынатын табысты айқындау кезінде стандартты салық шегерімдері қолданылмаған зейнетақы төлемдерін алушылар, оларды қолдану құқығы болған жағдайда, кірістерді қайта есептеу және ЖТС өтеу үшін стандартты салық шегерімдерін қолдануға өтінішпен және растайтын құжаттармен БЖЗҚ-ның жақын жердегі филиалына шұғыл түрде жүгінуі қажет.

Стандартты салық шегерімі қолданылғаннан кейін, бұған дейін ЖТС ұсталған болса, ол алушының жеке зейнетақы шотына қайтарылады. Егер ЖТС төлеу кейінге қалдырылған болса, онда ай сайынғы зейнетақы төлемдерін алған кезде оны төлеуге қатысты міндеттеме алынып тасталады. Аталған өзгерістер 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін (қоса алғанда) қолданыста болады, өйткені 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасының жаңа Салық кодексі күшіне енеді.

ЕҢБЕККЕ ЖАРАМСЫЗДЫҚ ПАРАҒЫН ҚАЛАЙ АЛАМЫН?

МӘМС жүйесіне қатысты жиі қойылатын сұрақтарға жауап беруді жалғастырамыз. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалының бас сарапшысы Айгүл Аханова бірқатар өзекті мәселелерді түсіндірді.

– Бір уақытта бірнеше емханаға тіркеле аламын ба?

– Емханаға тіркелу Сіздің жеке сәйкестендіру нөміріңіз (ЖСН) арқылы жүзеге асырылатындықтан, Сіз тек бір емханаға тіркеле аласыз. Ал бұрынғы емханадан шығу автоматты түрде жүзеге асырылады.

– Жүкті әйелмін, жеке гинекологка қаралып жүрмін. Скринингтерді МӘМС арқылы тегін өте аламын ба?

– Иә, скринингтік тексерулер, соның ішінде пренаталдық скрининг те МӘМС пакетіне кіреді. Сондай-ақ жүкті әйелге зертханалық талдаулар, құралдық диагностика, бейінді мамандардың кеңесі де қолжетімді. Медициналық бақылаудан дер кезінде өту үшін тіркелген емханаңызда жүктілік бойынша есепке (12 аптаға дейін) тұру қажет.

ЖЕКЕ ТАБЫС САЛЫҒЫНАН ҚАШАН БОСАТЫЛАДЫ?

2025 жылғы 18 шілдеде мемлекет басшысы жаңа Салық кодексіне қол қойды. Ол БЖЗҚ-дан Қазақстан Республикасының бейрезиденттеріне төленетін зейнетақы төлемдерін қоспағанда, барлық табыстар, тұрғын үйге/емделуге арналған біржолғы зейнетақы төлемдері (БЗТ) түріндегі кірістерді 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап жеке табыс салығынан (ЖТС) босатуды көздейді.

ҚАЗІР ҚАЛАЙ?

Қолданыстағы Салық кодексіне сәйкес, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан (БЖЗҚ) төленетін біржолғы зейнетақы төлемдері төлем көзінен 10% мөлшерлеме бойынша жеке табыс салығы (ЖТС) ұсталатын кіріс түріне жатады. Яғни, зейнетақы жарналары жеке зейнетақы шоттарына салық салынғанға дейін аударылады. Ал жеке табыс салығы төлемдер жүзеге асырылған кезде ұсталады. ЖТС ұстау міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ), ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) есебінен қалыптасқан барлық зейнетақы төлемдері түрлері бойынша жиынтық түрде жүргізіледі. Бұл ретте түзетулер мен салықтық шегерімдер ескеріледі.

Тұрғын үйге/емделуге біржолғы зейнетақы төлемдерін пайдаланған кезде ЖТС ұстауда көзделеді. Бұл ретте алушының таңдауына оны ұстап қалудың екі жолы ұсынылады: БЗТ алған кезде бірнеше немесе зейнетақы алатын кезге дейін кейінге қалдыру.

2026 жылғы 1 қаңтарға дейін БЖЗҚ-дан берілетін зейнетақы және біржолғы зейнетақы төлемдерінен ЖТС есептеу, ұстап қалу және

төлеу қолданыстағы тәртіп бойынша жүзеге асырылатын болады.

2026 ЖЫЛДЫҢ 1 ҚАҢТАРЫНАН БАСТАП ҚАЛАЙ БОЛМАҚ?

ЖТС зейнетақы төлемдерінің барлық түрлерінен ұсталмайды. Бірақ мұның Қазақстан Республикасының резиденті болып есептелмейтін азаматтарға қатысы жоқ. ЖТС, сондай-ақ, біржолғы зейнетақы төлемдерінен де ұсталмайды.

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап тұрғын үй жағдайын жақсарту немесе емделу мақсатында пайдаланылған біржолғы зейнетақы төлемдерінен ұсталуға тиіс, бірақ зейнетке шыққанға дейін кейінге қалдырылған жеке табыс салығы бойынша есептелген міндеттемелер де жойылады. Алайда, бұған дейін бюджетке төленген салықтар қайтарылмайды.

ТАҒЫ НЕ ӨЗГЕРЕДІ?

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап өз пайдасына аударылған ерікті зейнетақы жарналары бойынша төлем көзінен салық салынуға жататын табыстан Салық кодексінде белгіленген шектерде қолданылатын салықтық шегерімдер де жойылады.

Бұл ретте жұмыс берушінің Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына жұмысшының пайдасына аударған ерікті зейнетақы жарналары жеке тұлғаның табысы болып саналмайды (тиісінше, жеке табыс салығы салынбайды), ал жұмыс беруші үшін бұл шығыстар корпоративтік табыс салығын есептеу кезінде шегерімге жатқызылады. Яғни бұл жағдайда салықтық жеңілдікті жұмысшы да, жұмыс беруші де пайдалана алады.

ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІНІҢ 12 АЙДАҒЫ КІРІСТІЛІГІ 14,74%

2025 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша міндетті, міндетті кәсіптік және ерікті жарналар есебінен қалыптастырылған және ҚРҰБ басқаратын зейнетақы активтерінің соңғы 12 айда салымшылардың (алушылардың) шоттарына бөлінген табыстылығы 11,80% инфляция кезінде 14,74% болды. Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) есебінен зейнетақы активтерінің табыстылығы соңғы 12 айда 12,52%құрады.

Зейнетақы активтерінің қысқа мерзімді жеке кезеңдердегі кірістілігі оларды басқару тиімділігінің көрсеткіші бола алмайды. Өйткені қаржы құралдары мен басқа операциялар бойынша сыйақы түріндегі қысқа мерзімде есептелген кірістер осы кезеңдегі бағалы қағаздар мен валюта бағамдарының өзгеруін әрдайым жаба бермейді. Сондықтан инвестициялық кірістің мөлшерін объективті талдауды кем дегенде бір жылдық көрсеткіші бойынша жасаған жөн.

Орта және ұзақ мерзімді келешекте зейнетақы жинақтарының оң нақты (жинақталған инфляциядан асатын) табыстылығы қамтамасыз етіледі. Мәселен, 1998 жылы жинақтаушы зейнетақы жүйесі құрылған сәттен бастап 2025 жылғы 1 тамызға дейін жинақталған инвестициялық кірістілік **1030,53%** болды, албүкіл кезеңдегі инфляция **899,22%**.

2014 жылдан бастап (зейнетақы активтері БЖЗҚ-ға біріктірілгеннен кейін) жинақталған таза инвестициялық табыс – 2025 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша **13,81 трлн. теңге**. 01.08.2025ж.жағдай бойынша қазақстандықтардың зейнетақы жинақтарының жалпы көлеміндегі жинақталған таза инвестициялық кірістің үлесі жүзеге асырылған төлемдер есебімен **41,9%** жетті, бұл азаматтардың жинақтау құрылымында инвестициялық қызметтің маңызды орын алатынын көрсетеді.

Қазақстанда инфляция деңгейін ескере отырып, міндетті зейнетақы жарналарының сақталуына бірегей кепілдік берілетінін еске саламыз. Салымшының төлемге құқығы басталған кезде жинақталған кірістілігіне кері әсерін тигізген жекелеген кезеңдердегі кірістіліктің төмендеуі жағдайында айырманың өтемақысына мемлекет кепілдік береді.

Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару мен есепке алужүйесі толықтай ашық әрбір салымшының epnf.kz сайтындағы немесе ұялы қосымшадағы жеке кабинетінен өзінің инвестициялық кірісін көруге мүмкіндігі бар.

ЗЕЙНЕТАҚЫ АННУИТЕТІ ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕСІЗ?

«БЖЗҚ» АҚ-да (БЖЗҚ, Қор) зейнетақы жинақтары (ЗЖ) бар қазақстандықтар зейнетақы алудың бірнеше тәсілін таңдай алады. Олар: зейнетақыны БЖЗҚ-дан кесте бойынша алу (жинақтар таусылғанға дейін), өмір бойы төлем алу үшін сақтандыру компаниясымен шарт жасасу немесе осы тәсілдерді үйлестіріп қолдану.

Әр ай сайын берілетін төлемдерді өмір бойына немесе кепілдендірілген мерзім ішінде тұрақты түрде алып отыру үшін сақтандыру компаниясымен зейнетақы аннуитеті шарты жасалуы қажет.

ЗЕЙНЕТАҚЫ АННУИТЕТІ ДЕГЕН НЕ?

Зейнетақы аннуитеті — бұл азамат пен өмірді сақтандыру компаниясы арасындағы шарт, оған сәйкес сақтандыру компаниясы ай сайынғы зейнетақы төлемін өмір бойы немесе келісілген жасқа дейін төлеуге міндеттенеді.

Қазіргі таңда Қазақстанның сақтандыру нарығында зейнетақы аннуитетінің мына түрлері қолданылады:

- Жедел зейнетақы аннуитеті – шарт жасалғаннан кейін төлемдер бірден басталады.
- Кейінге қалдырылған зейнетақы аннуитеті – төлемдер шартта көрсетілген белгілі бір уақыттан кейін басталады (осы кезеңде қаражат инвестицияланып, болашақ төлемдер көлемі артады).
- Бірлескен (жұбайлар) аннуитет – екі адамның зейнетақы жинақтары біріктіріліп, өмір бойы төлем алу қарастырылады (бірі қайтыс болған жағдайда, екіншісі төлем алуды жалғастырады).
- Аннуитет шарттары:
 - тиісті жасқа жету –

"ТАЗА ҚАЗАҚСТАН" - ТАЗА ҚЫЗЫЛОРДА

Қала тіршілігі тоқтаусыз, есесіне жұмыс ырғағы өнімді. Бірін жөндейді, бірін сырлайды, бірін абаттандырып, бірін көгалдандырады. Ал, тазалық пен тәртіп бөрінен де басым.



«ҮЗДІК АУЛА-2025» байқауының қатысушысы З.Шүкіров көшесі, №100 Г үйдің ауласы жасыл-желекке оранған. Тазалық жұмыстарына ерекше ден қойып, тал егуді қолға алған тұрғындар қаламыз ең таза, жасыл орталыққа айналсын деп тілек білдіреді.




Құрылыс алаңдары қашан да қызу қолға алынған нысанның бірі. Оның жанында саябақтар мен аллея, демалыс орындары қайта жаңғыртудан өтуде. Қысқасы, қарбаласқа толы қыруар шаруа атқарылып, шаһардың шырайлы бейнесін қалыптастыру мақсатында елге қуат, жанға шуақ сыйлар серпінді іс жетерлік.

Өріне, жауапты жұмыс уақытпен санаспайды. Ауа райының қолайсыздығына қарамастан, коммуналдық сала мамандарына тәуліктің қай мезгілі де маңызды. Себебі, халықтың күнделікті тыныс-тіршілігі осы саламен тығыз байланысты. Бұған сала қызметкерлері жаттыққан, сын сағатта сыр бермеу үшін шаруаны ширатып әкетеді.

Айтұға жеңіл болғанмен, тұрғындарға сапалы коммуналдық қызмет көрсету — оңай шаруа емес. Бұл — үлкен жауапкершілік, төзімділікті және кәсіби шеберлікті талап етеді. Қала көлемінде қай жұмыс бітсе, оны сала жұмысшыларының маңдай тері және тынымсыз еңбегі деп бағалай біліңіз.



«Сүйікті қаламыздың жасыл желекке оранып, табиғаты әсем орталыққа айналуына үлес қосуға барша қала тұрғындарын шақырамын», - дейді «Үздік аула-2025» байқауына қатысушы Шұғыла мөлтек ауданы, №30 үй тұрғыны Гүлсім Идришева.



Санитарлық тазалық пен заңсыз құрылыс фактілерін анықтауға бағытталған тексеру шаралары жалғасуда.

Аралауда қаланың абаттандыру қағидаларын бұзу, рұқсатсыз құрылыс жүргізу және тазалық талаптарын сақтамау деректері анықталды.

Анықталған заң бұзушылықтар негізінде Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 505-бабына сәйкес (Қалалар мен елді мекендердің аумақтарын абаттандыру қағидаларын бұзу), бірнеше тұлғаға қатысты әкімшілік хаттамалар толтырылып, айыппұлдар салынды.

Қала тұрғындарын қолданыстағы заң талаптарын сақтауға, ортақ тазалық пен тәртіпке жауапкершілікпен қарауға шақырамыз!

Қызылорда — бәрімізге ортақ мекен. Қала мәдениеті әр тұрғынның саналы әрекетінен басталады.



"Ақшамның асханасы"

АСҚАБАҚ ШЫРЫНЫ

Адам ағзасына асқабақтың пайдасы туралы біріміз білеміз. Алайда одан көп тағам дайындауды біле бермейміз. Асқабақты бөліктерге бөліп, асып жегеннен бөлек одан тәтті шырындар да әзірлеуге болады.



Қажетті заттар: 1-2 келі асқабақ, 500 мл. су, 100 гр. қант (қантты әркім өз қалауына қарай пайдалануға да болады), 3 гр. лимон қышқылы.

Дайындалуы: Асқабақты жуып тазартып, қағаз сүлгінің көмегімен сүртіп аламыз. Ішіндегі етін шағын бөліктерге бөлеміз. Қабығын, тұқымын алып тастаймыз, содан соң асқабақты шұңғыл ыдысқа салып, үстіне су құйып, қантты қосып баяу отқа қойып қоямыз. Қайнағаннан кейін 30 минут тағы қайнатамыз. Содан соң лимон қышқылын қосамыз. Блендер көмегімен асқабақтың етін ұсақтаймыз. Қайтадан қайнағанша отқа қоямыз. Егер де майда асқабақ еттері ұнамаса сүзгіштен өткізіп алуға болады. Содан соң залалсыздандырылған шыны ыдыстарға құйып жабымыз.

АСҚАБАҚ пен СӘБІЗ ШЫРЫНЫ

Бұл шырын иммунитетті көтереді, әрі ағзаны құнарландырады. Қант орнына бал, немесе топинамбур шырынын қосуға болады.



Қажетті заттар: 1 кг. асқабақ, 500 гр. сәбіз, 600 гр. қант, 2 литр су, 1 шай қасық лимон қышқылы.

Дайындалуы: Асқабақты жуып, қабығын аршымыз, тұқымын алып тастаймыз, бөліктерге бөлеміз. Сәбізді де жуып, қабығынан тазартымыз, дөңгелекше етіп кесеміз. Шырынсықшыстың көмегімен сәбіз бен асқабақ сөлін шығарамыз. Шыққан сөлді кастрөлге құйып, үстіне қант, лимон қышқылын қосамыз. Су құйып, кастрөлді қатты отқа қойып, 5-6 минут қайнатамыз. Залалсыздандырылған шыны ыдыстарға құямыз.

АСҚАБАҚ пен АПЕЛЬСИН ШЫРЫНЫ

Қажетті заттар: 1 келі асқабақ, 700 мл. су, 2 түйір апельсин, татымына қарай қант.



Дайындалуы: асқабақты жуып, екіге бөлеміз, қабығын, тұқымын тазартымыз. Асқабақтың қалыңдығы 5-7 см болатындай тіліктерге бөлеміз. Апельсинді жуып, қабығын тазартымыз, ішіндегі етін алып, тұқымын алып тастаймыз. Бірнеше бөліктерге бөлеміз. Асқабақты, апельсиннің қабығын кастрөлге саламыз, үстіне су құйып орташа отта езілгенше 20-30 минут қайнатамыз. Содан соң татымына қарай қант қосып, тағы да қайнатамыз. Оттан аламыз, апельсиннің етін қосамыз, сөйтіп езілгенше блендермен айналдырамыз. Дайын шырынды суытамыз, содан соң шыны ыдыстарға құйып қоямыз.

АСҚАБАҚ пен АЛМА ШЫРЫНЫ



Қажетті заттар: 1 келі асқабақ, 6 түйір алма, 10 гр. мускат жаңғағы, (немесе өз қалауыңызбен басқа да дәмдеуіштер қосуыңызға болады. Мәселен қалампыр), 1 шымшым тұз, татымына қарай бал.

Дайындалуы: алма мен асқабақты жуамыз, асқабақтың тұқымын алып тастап, кубик етіп бөлеміз, қабығынан тазартымыз, алманың ортасын алып тазартымыз, бөліктерге бөлеміз. Асқабақты кастрөлге салып, үстіне су құйып орташа отта 10 минут қайнатамыз. Асқабаққа алманы қосып, тағы да 15 минут қайнатамыз. Содан соң кастрөлдені оттан алып, әбден езілгенше блендерге айналдырамыз. Үстіне бал, 1 шымшым тұз, мускат жаңғағын қосамыз. Шырын дайын.

АСҚАБАҚ пен КУРАГА ШЫРЫНЫ

Асқабақ негізінен кептірілген жемістермен үйлеседі. Содан да курага орнына қара өрік, немесе басқа да кепкен жидектерді қосуға болады.



Дайындалуы: 1 келі асқабақ, 1 литр су, 400 гр. курага, 75 гр. қант, 200 мл. лимон шырыны.

Дайындалуы: асқабақты жуып, қабығынан тазартып, тіліктерге бөліп, тұқымынан тазартымыз. Асқабақ тіліктерін, кураганы шырынсыққышқа салып, шырынын шығарамыз. Шырынды кастрөлкеге құйып, үстіне су құйып, қант, лимон шырынын қосамыз. Қатты отта 2-3 минут қайнатамыз. Суығаннан соң шыны ыдыстарға құямыз.

АСҚАБАҚ пен ОБЛЕПИХА ШЫРЫНЫ

Бұл шырынның дәмі қышқылдау болатындықтан тәтті ету үшін жарты банан қосып жіберуге болады.

Қажетті заттар: 1 келі асқабақ, 1 литр су, 400 гр. облепиха, дәміне қарай қант.

Дайындалуы: асқабақты жуып, қабығынан тазартып, тұқымын алып тастаймыз. Шағын



тіліктерге бөлеміз, облепиханы да тазартымыз. Шырынсыққыштың көмегімен асқабақ пен облепиханың шырынын шығарамыз. Кастрөлкеге су құйып асқабақ пен облепиханың шырынын қосамыз. Дәміне қарай қант қосып, кастрөлдені қатты отқа қойып, кемінде 2-3 минут қайнатып аламыз. Дәмі сәл өзгешелеу болсын десеңіз, шырынға алма шырынын қосуға болады.

АСҚАБАҚ пен ҚЫЗАНАҚ ШЫРЫНЫ

Бұл шырын негізінен томат шырынын жақсы көретіндерге ұнайды. Тойымды болсын десеңіз, сәбіз қосуға болады. Дайындау кезінде тұз, бұрыш қосуды ұмытпау керек. Қант қосудың қажеті жоқ.

Қажетті заттар: 1 келі асқабақ, 1 келі қызанақ, 20 гр. балдыркөк (петрушка), 10 гр. базилик, татымына қарай тұз, бұрыш.



Дайындалуы: асқабақты жуып тазартымыз, тіліктерге бөлеміз. Қызанақты жуып, қабығынан тазарту үшін ыстық суға салып аламыз. Шырынсыққышқа асқабақ пен қызанақты салып, шырынын шығарамыз. Шырынды кастрөлкеге құйып, қатты отқа қоямыз. Балдыркөк пен базилик жапырақтарын салып, орташа отта қайнатамыз. Дайын шырынды шыны ыдыстарға құямыз.